



ШАҒАРДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

алматылықтардың жайлы тұрмысына бағдарланған

7

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №67 (6629) 25 шілде, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БАЗАР АУМАҒЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Жетісу ауданындағы өзекті мәселелер әкімдік кеңесінде талқыланды



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Жетісу ауданында бірқатар өзекті мәселе талқыланған жұмыс жиынын өткізді. Кеңеске аудан әкімдігі, салалық басқармалар, коммуналдық қызметтер мен тиісті мекемелердің өкілдері қатысты.

БЕЙБЕРЕКЕТ САУДА НҮКТЕЛЕРІ: МОНИТОРИНГ ЖАЛҒАСАДЫ

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – Солтүстік айналма жол бойындағы рұқсатсыз сауда орындары болды. Атап айтқанда, осы жол мен Жұмабаев көшесінің бойынан бейберекет сауда нүктелері көптеп анықталған. Аудандық полиция өкілдерінің мәліметінше, биыл жыл басынан бері осы факті бойынша 756 әкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 4 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Бұл бағыттағы рейдтік шаралар жалғасады.

4

ЭКОНОМИКА

Шағын және орта бизнес:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Алматыда жаңа индустриялық аймақтар ашылып, цифрлық қызметтер жетілдіріледі

Қазіргі таңда ел экономикасының маңызды қозғаушы күштерінің бірі – шағын және орта кәсіпкерлік. Бұл сектор елдің жалпы ішкі өнімін қалыптастырумен қатар, халықты жұмыспен қамтуда, инновациялық шешімдерді қабылдауда және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауда айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елдің ірі мегаполисі – Алматы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында көш бастап тұр.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы мәлімет бойынша елімізде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіп (ШОК) субъектілерінің саны 2099,6, былтырғымен салыстырғанда, 4,1%-ға артқан.

Бюроның биылғы сәуірдегі ақпараты Алматыдағы тіркелген ШОК субъектілерінің саны 154 985 екенін, оның ішінде тұрақты жұмыс істеп тұрғандарының 147 411 екенін дәлелдейді. Демек, бүгінде Алматыда 230 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді деген сөз. Бұл – Қазақстандағы жалпы ШОК-тың шамамен, 17–20%-ын құрайды.

Шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының басым бөлігі сауда-саттық, қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету, туризм, IT және құрылыс салаларында шоғырланған. Алматы тұрғындарының төлем



Коллаж жасаған Нұрболат ОРСҰЛЫ.

қабілетінің жоғары болуы мен урбанизация деңгейінің өсуі осы салалардың дамуына жағдай жасап отыр. Қалада шағын дүкендерден бастап ірі мейрамханалар, сұлулық салондары мен шаштараздар, заманауи IT-стартаптарға дейін көптеген бизнес түрі бар. Ең бастысы, бұл салаларда 250 мыңнан астам адам еңбек етеді. Демек, қала тұрғындарының жартысынан көбі шағын және орта биз-

нес арқылы нанын тауып, күнін көріп отыр деуге болады.

Алматыдағы шағын және орта кәсіпорындар тек қана қаланың емес, жалпы республиканың экономикасына да айтарлықтай үлес қосуда. Сарапшылардың айтуынша, Алматыда өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет көлемінің тең жартысынан астамы – жеке кәсіпкерліктің үлесінде.

6

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



САРАПТАМА

Қазақстан – Ауғанстан:

ЖАҢА БИЛІК АСТАНАМЕН БАЙЛАНЫСҚА МҮДДЕЛІ МЕ?

Ауғанстан Орталық Азия үшін стратегиялық маңызды мемлекет болып саналады. Оның саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуы аймақтың қауіпсіздігі үшін қажет. Осы орайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 25 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-сессиясындағы сөзінде Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары бойынша БҰҰ-ның Өңірлік орталығын құру туралы бастама көтерген.

Бұл – Мемлекет басшысының билікке келгеннен кейінгі алғашқы халықаралық бастамасы еді. 2025 жылы Президент бастамасын БҰҰ Бас Ассамблеясы қолдады. Бұдан бөлек, Ресей әлемде алғашқы болып тәліптердің билігін мойындады. Бұл контексте Қазақстан мен Ауғанстанның қарым-қатынасы қалай дамымақ? Ауғанстанның жаңа билігі Астанамен байланысқа мүдделі ме? Мақалада осы және өзге де сұрақтарға жауап іздейміз.

АСТАНА САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСҚА МҮДДЕЛІ

Саяси тұрақтылық кез келген мемлекеттің дамуының кепілі болып саналады. Ауғанстан ұзақ жылдар бойы Орталық Азия үшін негізгі тұрақсыздық көзі болғаны жасырын емес. Алайда, 2021 жылы билікке қайтадан тәліптер келді. Сайлау арқылы институционалды жолмен келмеді. Бұған қарамастан Орталық Азия Ауғанстанмен қарым-қатынасты жалғастыруға мүдделі.

Биыл шілде айының басында Ресей ресми түрде тәліптер үкіметін мойындады. Ауғанстанның тұрақты елшісіне сенім грамотасы табысталды. Бұл екі ел арасындағы қарым-қатынасты жоғары деңгейге көтерді. Ресей әзірге тәліптердің билігін мойындаған әлемдегі жалғыз ел. Қытай Ресейдің шешімін құптаса да, әлі күнге дейін тәліптерді мойындамады. Бейжің тәліптерді Ауғанстанның уақытша үкіметі деп атайды. Қысқа және орта мерзімде

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКСІБ

Аудан келбеті қалай өзгеруде?

Алматы қаласының Түркісіб ауданында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін баспасөз туры ұйымдастырылды. Іс-шара барысында аудан әкімі маңызды әлеуметтік нысандардың құрылысы мен инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысымен таныстырды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы–1 теміржол вокзалы: абаттандыру жұмыстары жүргізілуде
Алматы-1 теміржол вокзалы маңындағы алаңқайды кешенді абаттандыру жобасы басталды. Бұл – қаланың кіреберісі. Жаңарту жұмысы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, жаңа, қауіпсіз әрі жайлы қоғамдық кеңістік құруға бағытталған. Бұл жоба қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы орта қалыптастыруды көздейді. Түркісіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров баспасөз туры барысында вокзалдың маңындағы осы аумақтың қалай өзгертінін таныстырды. Сейфуллин даңғылының бойында орналасқан бұл көше қаланың төрт ауданын жалғайтын негізгі көлік артериясы саналады. Алматыға келген туристер мен қонақтар



(Дереккөз: ҚР СИМ).

мойындамауы да мүмкін. Себебі, ішкі және сыртқы тәуекелдер бар.

Біріншіден, тәліптерді БҰҰ ресми билік ретінде мойындамады. 2021 жылғы оқиғалардан кейін Қауіпсіздік Кеңесі резолюция қабылдап, жаңа билікті адам құқықтарын қорғауға шақырған. Сондай-ақ, Ауғанстанның БҰҰ-дағы уақытша өкілі бұрынғы Үкіметтің мүшесі. Тәліптер билікке келісімен ең алдымен Бас Ассамблеяға өз өкілін жіберуге талпыныс жасады. Бірақ арнайы комиссия ұсынысты қабылдамаған.

Екіншіден, Қытай экстремизм мен терроризммен күресті сыртқы саясаттағы негізгі бағыты деп есептейді. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, тәліптер идеологиясы Бейжіңнің саясатына тура келмейді.

Дегенмен, Қытай Ауғанстанмен сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық бағытта жұмыс істей бермек. Қазақстанның да ұстанымы Қытайға ұқсас. Сондықтан Ресейдің тәліптерге қатысты саясатын қайталамайды. Қазақстанның Ауғанстандағы Елшілігінде басшылық қызметті елші емес Уақытша сенімді өкіл атқарып келеді.

Дегенмен, Астана сауда-экономикалық салада байланысты жақсартуға мүдделі. Бұл туралы 11 сәуірде ҚР Премьер-

министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Ауғанстанға барған сапарында мәлімдеген. Ауғанстанның Өнеркәсіп және сауда министрінің міндетін атқарушы Нуриддин Азизимен кездесуде екіжақты тауар айналымын 3 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізу туралы уағдаласқан.

ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

2025 жылы 4 наурызда ҚР СИМ БҰҰ Бас Ассамблеясы Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары бойынша Өңірлік орталығын құру туралы қарарды бірауыздан қабылдағанын хабарлады. Ресми ақпаратқа сүйенсек, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 152 мемлекет Қазақстанның бастамасын қолдап, тең автор ретінде орталықты құруды мақұлдаған. Осылайша резолюция ешқандай дауысқа түспей қабылданды. Астананың бастамасын мемлекеттердің басым көпшілігінің қолдауы еліміздің дипломатиялық жетістігі болып саналады. Бірақ Қазақстанға мұндай орталықты құру не үшін қажет болды?

БҰҰ күрделі құрылымға ие ұйым. Оның негізгі басқару органдарына Бас

Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік Кеңес, Қамқоршылық Кеңесі, Халықаралық Сот, Хатшылық кіреді. Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары бойынша БҰҰ-ның Өңірлік орталығы Экономикалық және әлеуметтік Кеңес аясында жұмыс істейді. Кеңестік ішінде аймақтық бірнеше комиссия бар. Атап өтер болсақ, Еуропалық экономикалық комиссия, Африка үшін экономикалық комиссия, Латын Америкасы мен Кариб бассейні үшін экономикалық комиссия, Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссия, Батыс Азия үшін экономикалық комиссия жұмыс істейді.

Жалпы, БҰҰ-да аймақтар үшін құрылған органдар көп емес. Жоғарыда атап өткен органдардан бөлек, Бас Ассамблея құрамында палестиналық босқындарға көмек көрсететін БҰҰ-ның Таяу Шығыстағы агенттігі бар. Қазақстан орталықты құру бастамасы арқылы Орталық Азия мен Ауғанстанды БҰҰ деңгейінде маңызды аймаққа айналдыруды көздеген. Иә, орталықты құру арқылы БҰҰ-да саяси шешім қабылдауда ықпалымыз артпайды. Дегенмен, БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары атты бағдарламасы арқылы аймақтың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерін шешу мүмкіндігі артады. Бұл Орталық Азия мен Ауғанстанға қосымша инвестиция құйылады деген сөз. Арал секілді өзге де экологиялық мәселелерді шешу үшін БҰҰ қаржыландыруы мүмкін.

Бұдан бөлек, Өңірлік орталықпен байланыс орнату Ауғанстан билігі үшін де қажет. Себебі, 2021 және 1996 жылғы билікке келген тәліптер екі түрлі. Олар алғаш рет билікке келгенде қазіргіге қарағанда радикалды көзқараста болған.



Пердехан ШӘМШИНЕВ, сарапшы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытжан АҚЖАРОВ,
Түркісіб ауданының әкімі:

БЕС ЖОБА ІСКЕ АСЫП ЖАТЫР
Бірнеше ай бұрын бұл аумақтың жабынын ауыстыруды бастадық, себебі күйі кетіп қалған болатын, тұрғындардан шағым да түсе бастады. Біз жабынды ауыстырып, суару жүйесін орнатып, көгелдандыріп шықтық. Жалпы, бұл жұмысты Алматы-1 вокзалы маңындағы барлық аумақпен бірге қабаттастырып жүргізіп жатырмыз. Яғни вокзалға іргелес көшенің бәрі абаттанып жатыр. Сонымен қатар, осы аудан бөлігінде біз жеке рекреациялық аймақ салып, жаяу жүргіншілер көшелерін жасақтап жатырмыз. Кунгурская көшесі қараусыз қалған. Бұл жерге көбіне таксистер көлігін қойып кететін. Қазір оны жаяу жүргіншілерге арналған көше қылып, аудандағы шағын Арбат жасауды көздеп отырмыз.

Біз қараусыз қалған бос жерлерді алып, оларды сквер, саябақ, демалыс аймағы форматында абаттандырып жатырмыз. Адамдар қай жолмен көбірек жүретінін байқап, сол бағыттарды да ретке келтіреміз. Қазір су құбыры мен кәріз жүйелерін жаңарту мен салу жағына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Алдағы жылдары, әсіресе, жеке тұрғын үй құрылысы орналасқан аумақтарды орталықтандырылған кәріз жүйесімен толық қамтуды көздеп отырмыз. Қазіргі уақытта Түркісіб ауданында бес жоба іске асып жатыр. Алдағы 3-4 жылда ауданымыздағы 25 мың жеке тұрғын үй сумен, кәріз жүйесімен қамтамасыз етіледі.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЛА ҮШІН ҚАЙ МЕКТЕП ТИІМДІ?

Мемлекеттік және жекеменшік білім ордалары: таңдау мүмкіндігі қолжетімді болуы тиіс

Соңғы жылдары елімізде жекеменшік мектептердің саны артып, ата-аналардың бұл мектептерге деген қызығушылығы күшейіп келеді. Бұрын мұндай мектептер тек қалталылар үшін ғана қолжетімді деп саналса, бүгінде орта тап өкілдері де ақылы білімге бет бұра бастады. Бұл нені білдіреді? Мемлекеттік білімге деген сенімнің азаюы ма, әлде таңдау құқығы кеңейіп келе жатыр ма?

Қазақстанда жалпы 800-ден астам жекеменшік мектеп бар екен. Олар елдегі мектептердің шамамен, 10%-ын құрайды. 2024-2025 жылдары Алматыда шамамен, 563 жекеменшік мектеп ашылған. 1-сыныпқа қабылданған оқушылар үлесі: 30 146 бала қабылданып, соның ішінде 3789 бала жекеменшік мектептерге түскен.

Балаға жақсы білім беру – кез келген ата-ана үшін бірінші кезектегі мәселе. Бұл таңдау кезінде отбасылар көбіне қаржылық мүмкіндіктеріне емес, баланың болашағына қарап шешім қабылдауға тырысады. Сондықтан кейде қалтасынан асатын шығындарға баруға да дайын тұрады. Бірі – тәртібі нашар сыныпта баласының психологиялық қауіпсіздігіне алаңдаса, енді бірі – мемлекеттік мектептердегі білім сапасына күмәнмен қарайды. Осылайша жекеменшік мектепке көшу – таңдау еркіндігінен гөрі, мәжбүрлі шешімге айналып бара жатқандай. Бұл үрдіс, әсіресе, үлкен қалаларда жиі байқалады. Мұнда әрбір үшінші оқушы ақылы мектепке баруға ұмтылуда. Себебі, ата-ана баласына жайлы орта, аз бала, сапалы ұстаз, кең мүмкіндік керек екенін түсінеді.

Ата-ана арманы – жайлы мектеп, білікті ұстаз, қауіпсіз орта

Ата-ана өз баласы үшін қай мектептің тиімді екенін өзі шешеді. Бірақ бұл таңдау бәріне бірдей қолжетімді ме? Жоқ. Қаладағы көптеген ата-аналар жалдамалы пәтерде тұрады, орташа жалақы алады, тұрмыстық несиелері бар. Мұндай жағдайда жылына бірнеше миллион теңге тұратын жекеменшік мектепке баласын беру – шын мәнінде, үлкен шығынмен келетін шешім. Бірақ олар тәуекелге барады. Неге? Себебі, мемлекеттік мектептердегі білім мен тәрбие, жайлылық пен қауіпсіздік деңгейі көңілдерінен шыға қоймайды. Жекеменшік мектептердің көбеюі білім беру жүйесінде екі деңгейдің қалыптасуына себеп болуда: біріншіден, қолжетімді мемлекеттік білім – сыныптарда оқушылар санының мөлшерден тыс көптігі, шектеулі мүмкіндік, кадр тапшылығы; екіншіден, ақылы жекеменшік білім – шағын сыныптар, жаңашыл әдіс, заманауи инфрақұрылым.

Бұл жағдай ұзақ мерзімде әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді. Егер сапалы білім тек бай-бағландар баласына ғана бұйырса, ал ауылдағы немесе қарапайым отбасындағы бала жәй ғана диплом алу үшін ғана оқыса, бұл ұлттың болашағына қауіп төндіреді. Келешекте еңбек нарығында тек белгілі бір мектептің түлектері ғана басымдық алатын болса, онда қоғамдағы жіктелу тереңдей түседі. Білім – теңестіретін күш болудан қалып, керісінше, бөлетін құралға айналуы мүмкін.

Ата-ана арманы – жайлы мектеп, білікті ұстаз, білімді мұғалім, қауіпсіз орта. Білім сапасы тек бағдарламамен, мектеп ғимаратымен ғана өлшенбейді. Ол – ұстаздың кәсіби деңгейі, мектептегі атмосфера, психологиялық қолдау, тәртіп және ата-ана мен мектептің өзара байланысы. Қандай мектеп болмасын, ата-ана тек бір нәрсені қалайды: баласының мүмкіндігі ашылсын, қоғамда өз орнын тапсын, еркін ойлайтын, жауапты азамат болып өссін. Бұл арман – баршаға ортақ. Сондықтан бұл арманға апарар жол да бәріне бірдей болуға тиіс. Жекеменшік мектептер сияқты мемлекеттік білім ордалары да таңдау мүмкіндіктері қолжетімді болатындай деңгейге теңестірілуі қажет.

Білім – қоғамды біріктіретін күш. Егер ол таңдау емес, бөліну құралына айналса, онда теңдік пен әділет ұғымдары мәнін жоғалтады.

Сан мен сапа

Ресми деректерге сүйенсек, кейінгі бес жылда жекеменшік мектептердің саны 5 есеге артқан. Бұл – мемлекет тарапынан білім беру саласын жекешелендіруге мүмкіндік берілгенін көрсетеді. Алайда, санның өсуі сапаның артқанын білдіре ме? Кей мектептер әлемдік әдістемелерді енгізіп, оқушыларға ағылшын тілінде оқыту, критикалық ойлау, жеке бағдарланған білім беру сынды заманауи тәсілдер ұсынады. Дегенмен, мұндай мектептерге кіру үшін айына кем дегенде 300–500 мың теңге төлеу қажет.

Бұл – қарапайым халық үшін ауыр жүк. Сонымен қатар, жекеменшік мектептерде түрлі деңгейдегі оқу бағдарламалары бар.



(Сурет: ЖИ)

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида ЖАЛҒАСҚЫЗЫ,
мемлекеттік мектеп мұғалімі:

Білім беру жүйесінде өзгерістер бар

Мен мемлекеттік мектепте жұмыс істеп жүргеніме 5-6 жылдан асты. Осы уақыт ішінде білім беру жүйесінде талай өзгеріс болды. Қиындық та бар, бірақ сонымен қатар, үлкен мүмкіндіктер де бар екенін айтқым келеді. Жас мұғалімдер көптеп келе бастады. Олар жаңашыл, заманауи. Бұл – жақсы нышан. Мемлекеттік мектепте оқушы саны көп болғанымен, түрлі деңгейдегі балалармен жұмыс істей отырып, тәжірибе жинауға болады. Әр баланың көзіндегі ұмтылыс, ниет – мұғалімге күш береді. Иә, жекеменшік мектептерде жағдай жақсы болуы мүмкін, бірақ мемлекеттік мектеп – нағыз өмір мектебі.

Біз мұнда балаға тек білім ғана емес, өмірлік бағыт береміз. Әр оқушыны ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамай қабылдап, баулып, адам етіп шығаруға тырысамыз. Бұл – біздің қоғам алдындағы парызымыз. Қазір мемлекет тарапынан инфрақұрылымды жақсарту, цифрлық технологияларды енгізу бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр. Егер осы үрдіс жалғаса берсе, ата-аналар да, оқушылар да мемлекеттік мектепке сеніммен қарайтын болады. Біз бұған сенеміз.

Фарида ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ,
ата-ана:

Мемлекеттік мектептер бәсекеге қабілетсіз

Біз балаларымызды мемлекеттік мектепте оқыттық. Биыл төртінші қызым 11-сыныпты бітіріп жатыр. Бұл жылдар ішінде қуанышымыз да, уайымымыз да аз болған жоқ. Мемлекеттік мектептің бір артықшылығы – ол бәріне ашық, қолжетімді. Бірақ сапасына келсек, кейде қынжылатын сәттер де болды. Мұғалімдер жақсы, барынша тырысады, бірақ сыныптағы бала саны көп, әр балаға жеке көңіл бөлу қиын.

Қазіргі балалардың мінез-құлқын да түсіну қиынға соғып кетті, оқушылар арасында неше түрлі жағдай болады. Бала өз күшімен оқыды, ата-ана ретінде қолдан келгенше бағыт бердік. Бірақ мектептің инфрақұрылымы, психологиялық қолдауы немесе олимпиада секілді мүмкіндіктері шектеулі екенін мойындау керек. Кейде жекеменшік мектептерге қызығатынымыз да бар. Бәрі жарқырап тұр, мұғалім де аз балаға ғана жауапты, шет тілін тереңдетіп оқытады. Бірақ қарапайым отбасы үшін бұл қымбат. Жылына бірнеше миллион теңгені төлеу қиындық тудырады. Бірақ шүкір дейміз. Бастысы – баламыз адам болсын, алған білімімен өз жолын тапса екен дейміз.

Бірі – халықаралық стандарттарға сай болса, енді бірі – тек атауын «инновациялық» деп өзгерткенмен, мазмұны айтарлықтай ерекшеленбейді. Сондықтан бұл салада стандарттың болмауы сапаны бақылауда қиындық туғызады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Ел Президентінің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы – еліміздің дамуы үшін аса маңызды қадам болып отыр. Бұл бастама еңбекке деген құрметті арттырып, білікті мамандар даярлаудың жаңа деңгейіне өтуге кеңінен серпін беріп отыр.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Осыдан біраз бұрын Алматы қаласындағы ҚАЗБСҚА колледжінде «АМАНАТ» партиясының қалалық мәслихатындағы фракция депутаты Елена Бакарасованың бастамасымен ерекше білім беру жобасы іске қосылған еді. Құрылыс қарқыны бір сәтке толастамайтын Алматы қаласы үшін аталмыш жобаның іске қосылуы зор серпіліс туғызды.

Осынау жоба аясында әлемдік ТМ «Kaizer» неміс инновациялық лак-бояу зауыты мен ҚАЗБСҚА оқу ордасының арасында бірлескен ынтымақтастық жүзеге асып, 600-ден астам студент заманауи құрылыс материалдарымен жұмыс істеудің инновациялық әдістері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға қатысты. Сондай-ақ, бұл бастама Қазақстанда еңбек мамандықтарының беделін арттырып, құрылыс саласындағы мамандарды жаңа деңгейде даярлауға мүмкіндік бермек.

Бұл бағдарлама «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қолға алынды. Жобаның басты мақсаты – орта білім беру саласының тәжірибелік әлеуетін күшейту студенттердің кәсіби шеберлігін арттыру және заманауи құрылыс технологияларын меңгерген мамандарды даярлау болып табылады.

– Біздің жоба осы мақсатты қолдай отырып, жастарды заманауи технологиялармен жұмыс істеуге, жоғары сапалы материалдарды қолдануға және нарықта сұранысқа ие болуға дайындауға бағытталған. Студенттерге тек білім беріп қана қоймай, нақты тәжірибе арқылы олардың болашақ мансабына сенімді негіз қалау үшін барымызды саламыз, – дейді Елена Бакарасова.

Қазіргі таңда ҚазБСҚА базасындағы арнайы жабдықталған зертханада жас мамандарға ТМ «Kaizer» премиум-класс өнімдерін қолдану технологиялары үйретіліп жатыр. Бұл құрылыс саласындағы заманауи жабдыктармен жұмыс істеу және нақты құрылыс нысандарында тәжірибелік дағдыларды дамыту үшін зор мүмкіндік алаңы.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БАЗАР АУМАҒЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Жетісу ауданындағы өзекті мәселелер әкімдік кеңесінде талқыланды



(Басы 1-бетте)

Өрт қауіпсіздігі: қатаң шаралар қабылданады

Жиын барысында базар аумақта-рындағы өрт қауіпсіздігі де жеке қарал-

ды. 2022 жылдың қарашасынан бері бұл аумақта бірнеше өрт оқиғасы тіркелген. Оған электр сымдарының қысқа тұйықталуы, алғашқы өрт сөндіру құралдарының болмауы және қасақана өрт қою себеп болған. Қалалық төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері нысан иелеріне ескерту жасап,

заңбұзушылық материалдарын сотқа жолдап отырғанын мәлімдеді. «Егер жағдай өзгермей, нәтиже шықпаса, онда бұдан да қатаң шаралар қабылдануға тиіс», – деді Алматы қаласының әкімі ТЖД өкілдеріне қарата сөйлеген сөзінде.

Кеңесте сондай-ақ инженерлік желілердің құрылысы, оларды коммуналдық меншікке өткізу, жол жөндеу жұмыстары, сондай-ақ «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалардың сапасы сөз болды. Сонымен қатар, Жетісу ауданындағы денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің жай-күйі талқыланды.

«Барлық жоба 1 қыркүйекке дейін аяқталуы керек»

Шаһар басшысы басталған барлық жұмыстың дер кезінде аяқталуы қажеттігін қатаң ескертті. *«Ең бастысы, жарық, су, газ секілді әр адам күнделікті тұтынатын негізгі қажеттіліктерден ешкім тапшылық көрмеуі керек. Сондықтан бірде-бір жоба созылып кетпеуге тиіс. Егер бір істі қолға алсаңыздар, соңына дейін жеткізіңіздер. Барлық жоба 1 қыркүйекке дейін аяқталуы керек»*, – деді Дархан Сатыбалды.

Жиын аясында әкім Жетісу ауданы тұрғындарын жеке қабылдап, тұрғын үй қорын жаңғырту, жер телімі және Уссурийская көшесіндегі жеке секторды кәріз жүйесіне қосу мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берді. Әрбір өтініш бойынша нақты жауап беріліп, шешу жолдары мен орындалу мерзімі белгіленді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

СУ ҚҰБЫРЫ: құрылыс қарқын алды

Алматыда Бостандық ауданындағы тұрғын үй кешендерін үздіксіз таза сумен қамтамасыз ететін су құбыры салынып жатыр.

Бостандық ауданына қарасты «Ерменсай» шағынауданы мен оған іргелес тұрғын үй кешендерін үздіксіз ауызсумен қамту үшін реверсивті су құбырының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жоба аяқталса, мыңдаған тұрғын тәулігіне 24 сағат таза суға қол жеткізеді. Бұл туралы қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы хабарлады.

Жобаны «SGGroup Сапа Строй» ЖШС мен қалалық басқарма бірлесіп, техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және апаттық-қалпына келтіру аясында жүзеге асырып жатыр.

Құрылыс жұмыстары екі негізгі бағытқа бөлінген. Бірінші бағыт – әл-Фараби даңғылынан «Sakura», «Silver Hills» және «Verona» ТҮК-не дейінгі аралықта сорғы станциясы салынып, су құбыры мен электр желілері тартылады, жол төсемесінің негізі дайындалады. Бұл жұмысты 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Екінші бағыт – «Sakura» тұрғын үй кешенінен «Нұрлытау» су дайындау станциясына дейінгі аралықта да осыған ұқсас құрылыс жұмыстары 2025 жылы 25 желтоқсанға дейін жалғасады. Ал жолдың үстіңгі қабатын асфальттау және көріктендіру жұмыстары 2026 жылы наурыз-сәуір айларына жоспарланған.

Бұған қоса, әл-Фараби даңғылының оңтүстік жағында жаңа су бұру жүйесі орнатылады. Қосу жұмыстары 2025 жылдың 4-тоқсанында басталады.

Қазіргі таңда инженерлік-геологиялық, топографиялық зерттеу жұмыстары аяқталған. Сорғы станцияларының нақты орны белгіленіп, 3,3 шақырымнан астам су құбыры тартылды. Тұрғын үйлерді уақытша сумен қамту үшін қажетті желілер де орнатылуда.

ЭКОБЕКЕТ

Экологиялық қауіпсіздік:

КӨЛІК ТҮТІНІНЕ – ТОСҚАУЫЛ!

Бұл – алматылықтардың денсаулығы мен қала ауасының тазалығын қамтамасыз етеді

«Таза Қазақстан» жалпыреспубликалық акциясы аясындағы маңызды бағыттардың бірі – мегаполис шекарасындағы экологиялық бекеттердің жұмысы.

Алматы қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері 19 экологиялық бекетте экология саласындағы 12 мыңнан астам құқықбұзушылық анықталған. Бұл деректердің барлығы автокөлік және басқа да қозғалыстағы техникалардың белгіленген нормадан асып кететін зиянды заттар шығарындыларымен байланысты.

– Экологиялық қауіпсіздік – бұл азаматтардың денсаулығы мен қаламыздың ауасының тазалығы үшін қосылатын нақты үлес. Құқық бұзушылар қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілік бар екенін түсінуі керек. Экобекеттердің арқасында біз зиянды салдарды анықтап қана қоймай, алдын алуға да күш саламыз. Бұл – полиция мен өзге де қызметтердің бірлесіп жүргізіп жатқан профилактикалық жұмысының бір бөлігі, – деді Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шұмаев.

ТҮРҒЫН ҮЙ РЕФОРМАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тұрғын үй қатынастары туралы Заңға түзетулерге қол қойғаны белгілі. Өзгерістердің алғашқы бөлігі көпқабатты үйлерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске (ӘҚБтК) енгізілген жаңа түзетулерге сәйкес, үй иелері бірлестігі (ОСИ), пәтер иелері кооперативі (КСК) және басқарушы компаниялардың басшылары өз міндетін орындамағаны үшін айыппұл арқалауы мүмкін.

Айыппұл мөлшері – 50-ден 200 АЕК-ке дейін, яғни қазіргі есеппен 196 600 – 786 400 теңге аралығында. Бұған дейін заң бұзғаны үшін басқарушыларға тек ескерту берілетін. Ал құрылыс компанияларына ғана айыппұл салына-тын. Бұл жағдай кооперативтердің тиімді жұмыс істеуіне кедергі болып келген.

Жаңа тәртіп «ӘҚБтК-ке тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы аясында енгізілді. Құжатқа Мемлекет басшысы қол қойып, заң 2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Енді 320-бап айтарлықтай өзгертілді. Жаңа нұсқада келесі жағдайлар үшін төмендегідей айыппұл көзделген:

- **Кондоминиум нысанын басқаруға арналған ағымдағы есепшот пен күрделі жөндеу қорына жинақ шотын уақытында ашпау – 50 АЕК (ӘҚБтК 320-бап, 4-тармақ);**
- **Ай сайынғы және жылдық есептерді мерзімінде ұсынбау – 50 АЕК (320-бап, 5-тармақ);**
- **Басқару нысаны ауысқанда техникалық құжаттар**

БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

ЕСЕНТАЙ АРНАСЫ

заманауи қоғамдық кеңістікке айналады

Алматы қаласы әкімдігі мен Аеліміздегі ірі құрылыс компанияларының бірі – BI Group арасында маңызды келісім жасалды.

Құжатқа сәйкес, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында BI Group компаниясы бұл жобаны жүзеге асыруға 11 миллиард теңгеден астам қаржы құйып, Есентай өзен арнасы бойындағы әл-Фараби даңғылынан бастап Рысқұлов даңғылына дейінгі 7,2 шақырымдық аумақты ретке келтірмек.

Жобаның мақсаты – қаланың жоғарғы және төменгі бөлігін біріктіретін заманауи қоғамдық кеңістік қалыптастыру. Құрылыс жұмыстары кезек-кезеңімен жүзеге асады. Алғашқы кезең – әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейінгі учаскеде абаттандыру жұмыстарын биыл аяқтау жоспарланған.

Жоба аясында өзен жағалауында жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары, жаңа саябақтар мен демалыс орындары салынады. Заманауи қала кеңістігіне сай, орындықтар мен көгалдандыру элементтері орнатылады. Сонымен қатар, аумақ мақсатты бағыттар бойынша жүйеленіп, жастар мен студенттерге арналған, мәдени және белсенді демалыс аймақтары, сондай-ақ тыныш демалысқа арналған тынығу орындары қамтылады.

Сарапшылардың пікірінше, Есентай өзенінің бойындағы аймақ ерекше әлеуетке ие. Өзен арнасы жасыл белдеулерді, тұрғын үй кешендерін, студенттік кампустарды кесіп өтеді әрі мәдени-спорттық нысандарға жақын орналасқан. Арна бойындағы бос жатқан жерлер қосымша көгалдандыру мен жаңа скверлер жасауға мүмкіндік беріп, қаланың демалыс пен туризм тұрғысынан тартымдылығын арттыра түседі.

• Алматы әкімдігі қала кеңістігін дамыту және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында әлеуметтік жауапты бизнесті тарту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруда.

ЖАҢА ТАЛАП:

міндетін орындамаса – айыппұл төлейді



(Сурет: ашық дереккөзден)

мен жабдықтарды тапсыру актісін уақытында ұсынбау немесе актіге қол қойудан бас тарту – жеке тұлғалар үшін – 50 АЕК, заңды тұлғалар үшін – 100 АЕК (320-бап, 8-тармақ);

• **Жоғарыдағы заңбұзушылықтар бір жылдың ішінде қайталанса, айыппұл екі еселенеді – 100 АЕК (жеке тұлға) және 200 АЕК (заңды тұлға) (320-бап, 10-тармақ).**

Маңыздысы – бұл айыппұлдар ағымдағы немесе жинақ шоттарындағы тұрғындардың қаражаты есебінен емес, басқарушының жеке қалтасынан төленеді.

Бетті әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

Жеке сот орындаушылар палатасы:

ЖҮЙЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Сот шешімдерінің орындалуы – конституциялық кепілдіктің маңызды бөлігі



– Айдын Серікқазыұлы, азаматтардың құқығын қорғауда сот шешімдерінің орындалуы – конституциялық кепілдіктің маңызды бөлігі саналады. Биыл бұл жүйенің құрылғанына 15 жыл толды. Жеке сот орындаушылары институтын енгізу не үшін қажет болды?

– Қазақстанда Жеке сот орындаушылар институтын енгізу үлкен қажеттіліктен туды. Өйткені, істердің көбі аяқсыз қалып, сот шешімдері орындалмады. Алиментке, банкротке немесе микроқаржылық ұйымдарға қатысты шешімдер, айыппұлдар өтелмей қалатын. Сот шешімдерінің орындалу көрсеткіші өте төмен еді. Мемлекеттік сот орындаушыларының жұмысы тікелей ақшаға қатысты болғандықтан, жемқорлық деректері жиі тіркелді. Шыны керек, тіпті әр аптада бір сот орындаушы жемқорлықпен ұсталатын кездер болды.

Мемлекеттік қызметті жеңілдетіп, сот актілері мұлтіксіз орындалуы үшін Жеке сот орындаушылар институты енгізілді. 2011 жылдың тамыз айында қаладағы он жеті сот орындаушы Астанаға барып, жеке сот орындаушылықпен айналысуға рұқсат алды. Әділет министрлігінің тиісті шешімі шыққаннан кейін Алматыға келіп, өзіміз төраға сайладық, ең алғашқы ұжым құрылды. 2011 жылдың 17 тамызында қажетті құжаттарды тіркеуден өткізіп, ресми түрде жұмысымызды бастадық. Кейін заңға өзгерістер енгізіліп, 2015 жылы палаталық жүйе құрылды.

Қазір жеке сот орындаушыларының арқасында сот актілерінің орындалу деңгейі де, сапасы да айтарлықтай артты.


– Алматыда қанша жеке сот орындаушы жұмыс істейді? Олардың қарауында қанша атқару парағы бар?

– Бұрын Алматы қаласында 150-ге жуық мемлекеттік сот орындаушы болса, қазір небәрі 20 ғана қалды. Қалған жұмысты жеке сот орындаушылар атқарады. Бүгінде Алматыда 260 жеке сот орындаушы бар. Олар жыл сайын мыңдаған атқару құжатын орындайды. Мысалы, биылғы алты айда қалада 573 917 атқару өндірісі тіркелген. Оның ішінде 21 523-і алиментке қатысты. Мемлекет пайдасына өндірілген айыппұлдар саны – 85 446, ал сот қаулылары бойынша – 5873. Барлығын қосқанда мемлекет пайдасына берілетін 90 мыңнан аса атқару құжаты бар. Қалғандары – жеке және заңды тұлғалардың пайдасына орындалатын істер. Жалпы, жеке сот орындаушыларына келіп түскен 570 мыңнан аса атқару парағының 206 158-і (36,9 пайыз) өз шешімін тапты.

– Жеке сот орындаушылар көбіне қандай істермен жиі бетпе-бет келеді?

– Көбіне алимент өндіру, екінші деңгейлі банкрот, қаржылық ұйымдар, ломбардтар мен коллекторлық агенттіктердің пайдасына қаржы өндіру, заңды тұлғалар арасындағы даулар, азаматтардың бір-біріне қарыз беру және оны қайтармау

Қазақстан – ТМД елдері арасында Жеке сот орындаушылар институтын енгізген алғашқы мемлекет. 2005 жылдың маусымында өткен ҚР Судьяларының IV съезінде Жеке сот орындаушылар институтын енгізу мәселесі алғаш рет көтерілді. Осыдан он бес жыл бұрын елімізде сот актілерінің орындалу деңгейі де, сапасы да көңіл көншітпей, отандық және шетелдік сарапшылар тарапынан жиі сынға ұшырайтын еді. Арнайы заң жобасы Парламент Мәжілісіне ұсынылып, бұл Заңға ҚР Президенті 2010 жылдың 2 сәуірінде қол қойды. Қазір қоғам тарапынан жеке сот орындаушыларға айтылатын сын да, сұрақ та көп. Осы мәселе төңірегінде ҚР Жеке сот орындаушылар палатасының Алматы қалалық филиалының басшысы Айдын ҚАЙДАРОВПЕН сұхбат құрған едік.



Коллажды жасаған Нұрбоєын ӨРІСҰЛЫ



САН-ДЕРЕК



► 2010 жылы бір мемлекеттік сот орындаушысы жылына орта есеппен 270 құжатты толық орындаса, 2024 жылы бір жеке сот орындаушысы жылына 1229 құжатты орындап, көрсеткіш 5 есеге артқан.

► Алматыда 260 жеке сот орындаушы, 20 мемлекеттік сот орындаушы бар.

► 2025 жылдың жартысында Алматыда 573 917 атқару парағы тіркелген.

► 2024 жылы Әділет министрлігіне жеке сот орындаушыларға қатысты 89 000-нан астам шағым түскен. Бұл министрлікке түскен жалпы өтініштердің шамамен, 63%-ын құрайды.

істері, тұрғын үйлерден шығару, басқа да мүлкті бұзу істері, ажырасқаннан кейін балалардың әкесімен не анасымен кездесуі жөніндегі сот шешімдерін орындау істері жиі қаралады. Істердің бәрі әртүрлі, тек алиментпен шектелмейміз. Негізінен, көп бөлігі заңды тұлғалардың пайдасына өндіру, айыппұлдар, салықтар. Алты айдың ішінде мемлекет пайдасына 100 мыңға жуық айыппұл өндірілді. Ең күрделісі – банкроттің пайдасына өндірілетін істер.

– Бұрын алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлер ісінің бәрі сотқа жетпей, жабылып қалатын. Алимент төлемей жүргендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту қалай жүріп жатыр?

– Алимент мәселесі әлі күнге өзектілігін жоймай келеді. Алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерді біз қылмыстық жауапкершілікке тартпай тұрып, бірінші әкімшілік жауапкершілікке тартамыз. Одан нәтиже шықса жақсы. Қалалық прокуратурамен, Әділет департаментімен,

әкімшілік соттармен бірлесіп жұмыс істейміз. Биыл жарты жылда 269 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде жеті борышкерге қатысты қылмыстық іс қозғалып, сот үкімі шықты. Бұрын Алматыда жылына бір-екеуі болмаса, мұндай үкім көп шықпайтын. Қылмыстық жауапқа тарту ісін жолға қойдық деп айта аламын. Мысалы, борышкердің берешегі 5–6 миллион теңге болса, ол толық өтесе, қылмыстық іс қысқартылады. Ондай жағдайлар да кездесіп жатыр.

– Жеке сот орындаушыларына қатысты азаматтардың шағымы екі есеге артқан деген дерек бар. Көбіне құқықтарының бұзылатынына, қаражаттың кеш аударылатынына, сот орындаушыларының әрекетсіздігіне наразы...

– Арыздар бізге де түседі, бірақ атқару парақтарының санымен салыстырғанда пайыздық көрсеткіші өте төмен. Олардың арасында негізсіз жазылатындары да бар. Биыл жеке сот орындаушылар тарапына 793 арыз түсті. 354-і – борышкерлерден,

қалғанын өндіріп алушылар шағымданған. Арыздардың үлесі нөл бүтін жүзден бір пайызға да жетпейді. Борышкерлердің өзі наразы болып, арызданады. Сот орындаушылар олардың есепшоттарын бұғаттайды, алимент төлеуін талап етеді. Негізі сот орындаушысының жұмысы сондай. Екі тараптың бірі бәрібір риза болмайды, қызметке көңілі толмайды. Бірақ соған қарамастан, көрсеткіш жаман емес деп есептейміз.

– Жақында редакциямызға бір оқырманымыз кеңес алуға келді. Оған сот орындаушы хабарласып, осыдан үш жыл бұрын жол-көлік оқиғасына қатысты іс бойынша ақшасы өндірілмей қалғанын айтып, «егер қаласаңыз, борышкерден ақшаңызды қайтарып бере аламын» деген екен. Бірақ бұл істі екі тарап та ұмытып кеткен. Мұндай істер қозғала ма?

– Жоқ, бұл жерде заңсыздық орын алып отыр. Заң бойынша, сот орындаушы өзі ешқашан іс қозғай алмайды. Яғни міндетті түрде екі тараптың бірі – өндіріп алушының өтініші немесе соттың атқару құжаты болуы керек. Бірақ мынадай да жағдай болуы мүмкін. Қазақстанда атқару құжаттарының барлығы арнайы ақпараттық жүйелерге, Атқарушылық іс жүргізу тізілімі деген базаға тіркеледі. Сот шешімі шыққан соң, атқару парағы осы база арқылы автоматты түрде жеке сот орындаушыларға немесе мемлекеттік орындаушыларға келеді. Яғни сот шешімі шыққанда, өндіріп алушы өтініш жазып үлгермесе де, база арқылы атқару құжаты бізге түседі. Сол кезде бізде іс қозғалуы мүмкін. Мұндай жағдайда да іс соттың ресми шешімі немесе атқару парағы негізінде ғана қозғалады. Сот орындаушы өз бетімен әрекет жасап, «ешкім сұрамады, өзім көріп қалып қозғадым» десе, ол заңға қайшы әрекет.

– Жеке сот орындаушының атынан хабарласып, қорқытып ақша талап ететін алаяқтар бар. Оларды қалай ажыратуға болады?

– Иә, әсіресе, коллекторлық ұйымдар немесе өзін «жеке сот орындаушымын» деп таныстыратын алаяқтар азаматтарға хабарлама жіберіп, «үйіңді сатып жіберемін», «жеке шотыңды бұғаттаймын» деп қорқытып, ақша талап етіп жатады. Заңды жеке сот орындаушылар тек ресми арналар арқылы байланысқа шығады. Азаматтарға айтар кеңесім, алаяқтың құрбаны болмас үшін «Реестр должников» немесе «АИС ЕІТ» деген ресми ақпараттық базалар арқылы өзінің ЖСН-ін немесе аты-жөнін енгізіп, тексере алады. Егер аты-жөніңізге қатысты шынында іс қозғалған болса, база міндетті түрде көрсетеді. Өйткені, біздің қозғаған әрбір ісіміз сол мемлекеттік базаға автоматты түрде тіркеледі. Әрі бізде әрбір жеке сот орындаушының лицензия нөмірі, кеңсесінің мекенжайы, байланыс телефондары ресми түрде тіркелген. Азаматтарға біреу хабарласып, «мен сот орындаушымын» десе, оның аты-жөнін, лицензиясын сұрап алып, «Жеке сот орындаушылардың республикалық палатасының» ресми сайтынан немесе сол «Реестр должников» сайтынан тексеру қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат
СЕМБАЕВА.





КӘСІПКЕРЛІК

Шағын және орта бизнес:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Алматыда жаңа индустриялық аймақтар ашылып, цифрлық қызметтер жетілдіріледі

(Басы 1-бетте)

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Алматыдағы шағын және орта бизнес – тек табыс көзі ғана емес, қаланың әлеуметтік тұрақтылығын, халықтың әлауқатын қамтамасыз етуші маңызды фактор. Шағын және орта кәсіпкерлік бойынша 972 100 адам еңбек етіп жатыр, демек қаладағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 90%. 2025 жылғы 1 мамырда қалада ШОБ субъектілерінің саны 378 900-ге жетті, бұл 7,4 % өсімнің бар екенін білдіреді. Биыл бұл салаға 70 миллиард теңге бөлініп, оның 52,8 миллиарды жергілікті бюджеттен қаржыландырылып, қаржы көлемі 2,5 есеге артқан. Almaty Finance және MFO Almaty 29,9 миллиард теңге көлемінде 542 жобаны қаржыландырды, сөйтіп 4000-ға жуық жұмыс орны ашылды. Соның ішінде 21 миллиард теңге 90 жобаны (2100 жұмыс орнын), 8,9 миллиард теңге 452 жобаны (1900 жұмыс орнын) сәтті үйлестірді.

• «Almaty Business – 2025» бағдарламасы: микроқаржы ұйымдары арқылы жас кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер (жылдық 2–6 %), льготалық кепілдеме және гранттар беріледі. Қомақты қолдау индустриалды аймақтарда инфрақұрылымды қолдау арқылы жүзеге асады, яғни индустриалды парктарда ұзақ мерзімді жеңілдетілген жалға беру және өндірісті дамыту мүмкіндігі бар.

• Алматы қаласы әкімдігі мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Мысалы, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге 2%–6% мөлшерлеменен 7 жылға дейін жеңілдетілген несие беріледі.

• Almaty Business Development Company және Almaty Finance, МҚҰ қаржылық және инфрақұрылымдық қолдауды қамтамасыз етеді. Мәселен, Almaty Finance – 90 жоба мен 2100 жұмыс орнын 21 млрд. теңгемен қаржыландырса, МҚҰ «Алматы» 452 жоба және 1900 жұмыс орны үшін 8,9 млрд. теңге қаражат бөлді.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Алматы іскерлік белсенділіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтану, логистика, IT және креативті индустрия қарқынды дамып келеді. Қалада бірнеше техноло-



гиялық хабтар мен бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді. Сондықтан IT және креативті индустрияны дамытуға ерекше назар аударылуда. Бұл жас кәсіпкерлерге стартаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алдағы жылдары Алматыда шағын және орта бизнеске арналған жаңа индустриялық аймақтар ашу, цифрлық қызметтерді жетілдіру, жас кәсіпкерлерді қолдау шараларын кеңейту жоспарланып отыр. Мұның бәрі мегаполистің шағын және орта кәсіпкерлік орталығы ретіндегі мәртебесін нығайта түседі.

Дегенмен, ШОК дамуын тежейтін бірқатар мәселелер де бар. Ең алдымен, инфляция мен жалға алу ақысының қымбаттауы кәсіпкерлердің шығындарын арттырады. Ал пандемия кезінде көптеген шағын бизнес нысандары жабылып, табыс күрт төмендегені белгілі. Кәсіпкерлердің көбі нарықтағы бәсекелестіктің жоғары екенін айтады. Салықтық жүктеменің ауырталығы мен білікті мамандардың тапшылығы – негізгі қиындықтардың бірі. Кәсіпті жүргізуге қолбайлау болар басқа да бірқатар мәселелер мен кедергілер бар.

МӘСЕЛЕЛЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР

• Қаржыландыруға қол жеткізудің

қиындығы – банктерден несие алу талаптары қатаң, кепілдік мүлік сұралады. Көп кәсіпкерде қажетті кепілзат жоқ.

• Пайыздық мөлшерлемелердің жоғары болуы – субсидияланған бағдарламалар бар болғанымен, коммерциялық банктердің несиелері қымбат.

• Мемлекеттік гранттар мен субсидияларға қол жеткізуге бюрократиялық кедергілер көп.

• Қала шетіндегі аудандарда инженерлік инфрақұрылым (су, электр, жол) әлі толық дамымаған.

• Кейбір салаларда (IT, технологиялық өндірістер) білікті мамандар жетіспейді.

• Кәсіпкерлердің басқарушылық және қаржылық сауаттылығы, электрондық сауда, маркетинг, цифрлық құралдарды қолдану бойынша білімі жеткіліксіз.

• Инфляция, ұлттық валютаның құнсыздануы, шикізат пен тауар бағасының өсуі де шағын бизнестің шығындарын арттырады.

ҚАНДАЙ ШЕШІМДЕР БАР?

Біріншіден, қаржыландыруды қолжетімді ету керек. Мәселен, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы жеңілдетілген несиелердің көлемін ұлғайтып, пайыздық мөлшерлемені төмендету шағын және

орта кәсіпкерлер үшін оңтайлы болар еді.

Екіншіден, кепілсіз несие беру құралдарын дамыту, кепілзат ретінде бизнес-жобаның әлеуетін бағалау тәжірибесін енгізу. Венчурлік және краудфандингтік қаржыландыруды дамыту үшін жағдай жасау.

Үшіншіден, шағын кәсіпті түрлі желілерден қорғау мақсатында сауда орындарында белгілі бір пайыздық үлесті кәсіпкерлерге арнау керек. Ол үшін қаланың әр ауданында арнайы шағын бизнеске арналған «шағын базарлар», «коворкинг» аймақтар ашу тиімді.

Төртіншіден, кәсіби даярлық пен білім беруді жетілдіру үшін қаладағы бизнес-орталықтарда тегін немесе арзан кәсіпкерлік курстарын жүйелі өткізу маңызды. Яғни бизнесті цифрландыру, маркетинг, қаржы басқару бойынша онлайн платформалар мен тренингтер ашу. E-commerce платформаларға (Kaspi, OLX, т.б.) шығуға көмектесетін гранттар мен оқыту бағдарламаларын ұсыну.

Дана
САДЫРҚАН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Алишер САТЫБАЛДИЕВ,
Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы:

САПАНЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қазіргі уақытта Алматының инвестициялық климаты өте жоғары. Бүгінде Алматы кәсіпкерлері жұмыс істеудің сапалы жаңа деңгейіне көтерілді. Мәселен, қалада бүгінде жүзеге асырылып жатқан әртүрлі мерзімдегі және түрлі сатыдағы 209 жобаның жалпы инвестициялық көлемі 3,5 трлн. теңгеден асты. Соның ішіндегі қаланың экономикасын дамытудағы басым сала – өңдеуші өнеркәсіп. Биыл 45 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Олардың көп бөлігі өңдеуші өнеркәсіп саласына тиесілі.

Қала тұрғындарының мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары туралы білімін арттыру үшін қалалық «Almaty Business Development Company» компаниясы базасында қалалық фронт-кеңсе құрылды. Архитектура, қала құрылысы, техникалық шарттарды алу сияқты мәселелер бойынша білікті мамандардан тұратын үлкен штат инвесторларға кешенді қызмет көрсетеді.

2025 жылдың бес айында қалаға 800 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды, оның басым бөлігі – жеке инвестициялар. «Инвестициялар үйінде» Алматыны дамытуға үлес қосуды қалайтындардың барлығына арналған ашық есік күндері тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Индустриялық аймақта жер учаскесін беру мен инфрақұрылымдық қолдау көрсету – өз алдына үлкен жеңілдік. Ал арнайы экономикалық аймақта үнемі қолданылатын нормалар, преференциялар, яғни бірқатар салықтардан босату қарастырылған.



Нұрбол ЕРБОСЫН,
кәсіпкер:

МҮМКІНДІК ТЕ, БӘСЕКЕЛЕСТІК ТЕ КӨП

Менің IT саласындағы қызметтік тәжірибем 15 жылдан асады. Осы салада талпынысы бар қыз-жігіттерді жинап, 2019 жылы сәуірде QAR Solutions компаниясын құрдым. Бағыты IT саласындағы қарапайым web сайттардан бастап, ұялы қолданбалар, яғни app жасау, интернет дүкендер, сауда қоймаларын жүйелеу, логистикалық қызмет жүйесі, ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызмет көрсетулер, бұлттық қызметтер, серверлерді баптау сияқты кең спектрді қамтиды. Біз электронды сауда саласын дамытуға, бизнесті автоматтандыруға басымдық бердік. Негізінен, былтырға дейін бизнес өкілдерінен тапсырыс алып, табыс таптық. 2024 жылы мемлекеттік сатып алуға қатысып, ол жағынан да тәжірибе жинадық.

IT саласында мүмкіндік пен қоса бәсекелестік те көп. Алматы және Астана қаласы әкімдіктерінен, Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты мекемелерден, түрлі білім ордаларынан бірнеше тапсырысты жүзеге асырдық. Кәсіпкерлер мемлекет көмегімен ғана шектелмеуі керек, оны тек алғашқы капитал ретінде қараған жөн. Біз QAZLATYN жобасын жасау мен баптау, «ALATAU AQPARAT» медиахолдингіне қарасты ақпараттық сайттарды техникалық қолдау сияқты жобаларымызбен мақтана аламыз. Қазақтілді ақпараттық агенттіктердің көбінің сайты мен біздің компания әзірледі. Қазір бізге миллиардтаған сауда айналымы бар бірнеше компания сенім білдіріп, ынтымақтастық орнатып жатыр. Одан бөлек, біз коммерциялық емес жоба, әркімге пайдалануға ашық sozdiq.org IT сөздік платформасын дайындадық. Сайттар мен жүйелерді әзірлеуде жиі қолданылатын IT сөздіктер жиынтығын 6 тілде топтастырдық. Оған кез келген адам сөздер қосып, пікір білдіре алады.



«СМАРТ-СИТИ»

ШАҢАРДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

алматылықтардың жайлы тұрмысына бағдарланған

Алматының цифрлық экономикасы күн санап даму үстінде. Қала билігі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды белсенді енгізіп жатыр. Ақылды бағдаршамдар көлік ағынын реттесе, бейнебақылау жүйелері қауіпсіздікті күшейтуде, ал мобильді қосымшалар қалалық қызметтерді тұрғындарға қолжетімді етіп отыр.

Ақылды бағдаршамдар – көлік кептелісіне қарсы жүйе

Қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, Алматыға күн сайын 700 мыңнан астам көлік кіреді. Бұған қала тұрғындарының өз көліктерін қоссаңыз, жолдағы жағдайдың қаншалықты күрделі екенін білуге болады. Қала әкімдігі бұл мәселені шешудің түрлі жолдарын қарастырып жатыр. Солардың бірі – көлік қозғалысын оңтайландыру мақсатындағы «ақылды бағдаршамдар» жүйесі. Жаңа технология жолдағы көлік саны мен қозғалыс жылдамдығына қарай бағдаршам режимін автоматты түрде реттейді. Алматылықтар бұл жаңалықтың игілігін күнде көріп жүр. «Таңертеңгі және кешкі мезгілде кептелістен көз ашпаймыз. Десек те, қазір қозғалыс бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жылдам, бағдаршамдар нақты қажеттілікке сай жұмыс істеп тұр. Ақылды жүйенің уақыт үнемдеуге көп көмегі тиіп жатыр», – дейді алматылық Бауыржан Сербайұлы. Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, ақылды жүйе енгізілгені бері қала көшелерінің қиылыстарындағы көлік кептелісі 15–20%-ға дейін азайған.

Цифрлық қауіпсіздік игілігі

Алматыда 200 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде «Сергек» жүйесі жол ережесінің бұзылуын тіркеп қана қоймай, қоғамдық орындардағы тәртіп бұзушылықтарды анықтайды. «Құлагер» ықшамауданындағы №53 үйдің тұрғындары ауладағы ойын алаңдарының барлығында бейнебақылау камералары орнатылғанын, қауіпсіздік мәселесі жолға қойылғанын айтып, қала басшылығына ризашылықтарын білдіріп жатыр. «Кешке балаларды алаңдамай ойнауға жібере аламын. Көшелер жарық, айнала бақыланып отырады. Бұл – ата-аналар үшін үлкен сенім мен тыныштық береді» дейді көпбалалы ана Гүлім Бағдатқызы.

Мобильді қосымшалар – ыңғайлы шешім

Цифрлық жүйе – тұрғындар үшін ыңғайлы, жайлы шешім. Мұнда «Almaty Bus», «E-KSK», «Tungysh» сынды мобильді қосымшалар арқылы автобус қозғалысын бақылап, ПИК қызметін бағалап, коммуналдық түбіртектерді төлеуге болады.

«Адам жақсыға тез үйренеді ғой. Қазір шынымды айтсам, банкке баруды қойдық. Өйткені, барлығымыз мобильді банкингке көшіп алдық. Тиісті қызметтердің ақысын мобильді қосымша арқылы төлей саламыз. Баяғыдағыдай сағаттап кезекке тұрып, уақыт шығындамаймыз. Қажетті анықтама немесе басқа да құжаттарды үйде отырып-ақ ала береміз. Байқасаңыз, Қазақстанда онлайн-сауда нарығы көз ілеспес жылдамдықпен дамып келеді. Демек, халық цифрландыру саласында сауатты. Сондықтан алдағы уақытта электронды қызметтер еліміздің барлық өңірлерін қамтып, интернет байланысы халықтың барлық санаты үшін қолжетімді болса деймін. Бұл халықтың өз уақытын үнемдеуге, жолға кететін шығындарын азайтуға көмектесетін еді», – дейді телекоммуникация саласының маманы Рүстем Ержанұлы.

Ал жас кәсіпкер Мерей Жетпісбаеваның айтуынша, мобильді қосымшалардың пайдасы көп, маңызы да зор.



– Цифрлық инфрақұрылымды дамыту – Алматыда қарқынды жүргізіліп жатқанын еш қиындықсыз байқауға болады. Қазір ешкім жөнсіз сабылып көшеде жүрмейді, қажетті көмегін мобильді қосымшалар арқылы үйде отырып-ақ ала алады. Қажет десеңіз, азық-түлігіңізді де үйде отырып-ақ тапсырыс арқылы алуыңызға болады. Сол себепті, күнделікті өмірде қосымшалар көп көмектеседі. Мысалы, мен автобус уақыты мен бағытын алдын ала қарап, кеңсеге кешікпей жетем. Ал үйдегі мәселелерді E-KSK арқылы тікелей басқарушы компанияға жолдаймын. Бұдан уақытың үнемделеді, жүйкең тозбайды, – дейді ол.

«Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі»

2022 жылдан бері қолға алынған бұл жүйе аясында бүгінде қалада 38 854 бейнекамера жұмыс істейді. Алдағы уақытта бұл сан 50 мыңнан асады. Сонымен қатар, 2023 жылы барлық мемлекеттік мектеп пен балабақшада кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізілді. Бүгінде бұл жүйе денсаулық сақтау мекемелерінде де қолданылады.

Алматы әкімдігінің делегациясы Қытайдың Шэньчжэнь қаласына барып, деректерді басқару, жасанды интеллект, IoT және «цифрлық егіз» құралдарын қолдану тәжірибесін зерделеп қайтқаны белгілі. Сондай-ақ, делегация «Inspur», «Tencent», «Huawei», «51WORLD» сынды жетекші компаниялармен басқарудың заманауи үлгілерін енгізу арқылы ақылды мегаполиске айналдыруды көздейді. Бұл да қажет қызмет.

Алматы – цифрландыру үдерісін ерте бастаған қалалардың бірі. Ақылды бағдаршамдар, бейнебақылау жүйелері мен мобильді қосымшалар мегаполисті неғұрлым қауіпсіз, қолайлы әрі тиімді ете түсті. Тұрғындар да, сарапшылар да бұл бағыттың маңыздылығын мойындайды. Ендігі міндет – осы қарқынды бәсеңдетпей, цифрлық шешімдерді барынша қолжетімді ету. Өйткені, цифрлы Алматы – ертеңгі ақылды елдің айнасы.

• Технология дәуірінде жүзеге асып жатқан бағдарламалар көпшілікке қолжетімді болып, алматылықтардың өмір сапасын арттыруға елеулі үлес қосып отыр. Бүгінде мегаполисте бұл бағытта тәжірибелі, кәсіби мамандардың қатары жеткілікті. Ақпараттық қызмет көрсету саласында Алматы жүйесі қалыптасқан, дамыған қала ретінде көзге түседі. Демек, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталған игі бастамалар шаһарда алдағы уақытта да қарқын ала бермек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асхат МЫРЗАХАНОВ,
сарапшы, IT-инженері:

Уақыт талабына икемделдік

Алматыда бейнебақылау мен деректерді аналитикалық өңдеу жүйесі заманауи технологияларға негізделген. Қалада орнатылған камералар жасанды интеллект көмегімен адамдардың бет-бейнесін автоматты түрде тануға, күмәнді әрекеттер мен қалыптан тыс қозғалысты анықтауға қабілетті.

Мұндай жүйе тек құқық бұзушылықты тіркеумен шектелмей, қылмыстың алдын алу, жедел әрекет ету және қауіпсіз орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, үлкен деректерді сараптау арқылы қаладағы жалпы ахуалға стратегиялық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Нұрболат АЙЕКЕШОВ,
«Мерит» әлеуметтанушылық орталығының
маманы, тәуелсіз әлеуметтанушы:

Алматы көш бастап тұр

Алматы тұрғындары цифрлық сауаттылық бойынша елде көш бастап тұр деуге толық негіз бар. Қалада жоғары жылдамдықты 4G және 5G интернет кеңінен қолжетімді. Бұл алматылықтардың eGov.kz, Kaspi.kz, Halyk Homebank секілді мемлекеттік және коммерциялық онлайн қызметтерді белсенді пайдалануына жол ашты. Демек, цифрлық инфрақұрылым мен халықтың білім деңгейінің жоғары болуы – басты артықшылықтардың бірі.

Қазір Алматыда Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы көрсетілетін қызметтердің 80%-дан астамы онлайн ұсынылады. Сонымен қатар, «Open Almaty» мен eAlmaty платформалары тұрғындарға қала мәселелері бойынша өтініш беруді оңайлатты. Бұдан бөлек, Алматы – жастардың қаласы. Жас буын технологияларды тез меңгеріп, белсенді қолданады. Олар көбіне мобильді банкинг, әлеуметтік желілер, онлайн оқыту мен электронды саудаға жүгінеді. Дегенмен, аға буын арасында цифрлық қызметтерді қолдану көрсеткіші төмендеу. Қорыта айтқанда, алматылықтардың цифрлық технологияларды игеруі – еліміз бойынша үздік деңгейде.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





АТАКӘСІП

Жақында Алматыда ұлттық құндылықтар мен аңшылық өнерді, оның ішінде бүркітшілік дәстүрін дәріптейтін «Қыран» ұлттық аңшылық орталығы өз жұмысын бастады. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылған мәдени мекеме – еліміздегі аңшылыққа арналған тұңғыш әрі жалғыз орталық.



ҚҰСБЕГІЛІК пен САЯТШЫЛЫҚ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда ашылған «Қыран» аңшылық орталығы дәстүрлі өнерді дәріптейді

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР ЖИНАҚТАЛҒАН МУЗЕЙ

Орталықта қазақтың дәстүрлі құсбегілік өнері, садақ ату, сондай-ақ ұлттық ойындар мен аңшылықтың өзге де түрлері жан-жақты таныстырылып, көрсетіледі. Мақсат – бай мұрамызды сақтап, жастарға насихаттау және қала тұрғындары мен қонақтарына ұлттық өнердің ерекшелігін тереңірек таныстыру. «Қыран» аңшылық орталығына келген жандар алдымен саятшылыққа арналған музейді тамашалай алады. Мұнда халқымыздың көшпелі өмірі мен аңшылық мәдениетінен сыр шертетін 300-ге жуық құнды жәдігер жинақталған. Мекеменің ауласында тұрмыстық, зергерлік бұйымдар жасалатын шеберханалар да бар. Темір шеберханасында аңшылыққа арналған қару-жарақтар мен тұрмыстық құралдар көне әдіс – қолмен соғылып дайындалады. Бүгінде республикада көне дәстүрлі қару-жарақ соғу өнерін жалғастырып келе жатқан жалғыз темірші – Махмұт Жетенұлы мен шәкірттері осы орталықта шеберлік сабақтарын өткізеді.

«Қыран» федерациясы қоғамдық қоры «Қыран» ұлттық аңшылық орталығының директоры Бағдат Мүптекеқызының айтуынша, бұл орталық құсбегілердің бас қосатын арнайы орнына айналған. Бұған дейін Алматыда құсбегілердің жиналатын жері болмаған еді. Қолына құс қондырып, төл өнерді ұлықтап жүрген бүркітшілерге берілген екі қабатты ғимаратты Алматы әкімдігі арнайы қолдау ретінде ұсынып отыр.

«Қыран – күн көзіне тіке ұша алатын, бүкіл әлемді қос қанатына сыйдырған ерекше қасиет иесі. Көк Туымызда қанат қаққан киелі қыран арқылы ұрпақты атабабадан қалған асыл мұрамызбен тәрбиелеп, Алматыға ат басын тіреген қонақтарға қазақтың мол мұрасын таныстыру үшін ашылды», – деді ол.

«БҰЛ КҮНДІ ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚУТТІК»

Қаладағы музейлерде аңшы құстарға арналған томаға, биялай, балдақ сияқты жәдігерлер болғанымен, оларды тек әйнектің ар жағынан ғана көреміз. Көпшілік оның мәні мен тарихын толық түсіне бермейді. Ал «Қыран» аңшылық орталығына келген адам тірі бүркіттің дауысын естіп, қаршыға мен ителгіні көріп, құс баптаудың тарихы жайлы жан-жақты мағлұмат алады. Музей қорында екі ғасырлық тарихы бар келілер, тұрмыстық бұйымдар, ер-тоқымдар, қару-жарақтар сақталған. Барлығы жеке адамдардан, құсбегілерден жиналып жатыр. Осылайша алматылықтар үшін ұлттық өнерді көзбен көріп, қолмен ұстап, жүрекпен түйсінуге мүмкіндік туды.

«Қырық жыл армандаған ортамызға енді ғана қол жеткіздік. Аңшылық музей республикалық деңгейде тұңғыш рет ашы-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

лып отыр. Қазақтың тіл байлығы мен рухани мұрасы аңшылық өнермен астасып жатыр. Сондықтан халқымыз үшін бұл тарихи оқиғаның орны бөлек. Қазір музей қорында шамамен, үш жүзге жуық жәдігер бар. Келешекте әлі де толығыды. Мәдени орын ғана емес, ұлттық дәстүрді тірілтетін, жастарға бағыт-бағдар беретін тәрбие мектебіне айналады деп сенеміз», – дейді орталық жетекшісі.

Сонымен қатар, ұлттық ойындар бұрышы да қарастырылған. Тоғызқұмалақ пен асық ату ойындарына арналған арнайы алаң бар. Алдағы уақытта өнер орталығын ашу жоспарланған. Онда қонақтар дастархан басында ұлттық тағамдардан ауыз тиіп, қазақтың әдемі әндерін шырқап, ұлттық ойындар мен аңшылықтың тарихы жайлы тағылымды әңгімелер тыңдай алады.

«ҰЛТ ТАМЫРЫ ҮЗІЛМЕЙДІ»

«Қазір елімізде 200-ден астам құсбегі бар, олардың барлығы осы жерде жиналып, тәжірибе бөліседі, тарихымызды түгендеп, құнды заттарын әкеледі. Қазір жастар түгілі, үлкендердің өзі бүркіт пен қаршығаны ажырата алмайды, оларды қалай баптайтынын білмейді. Ал ата-бабамыздың өмірі аңшылықпен, құсбегілікпен тығыз байланысты болған ғой. Ұлттық құндылықтарды жастарға таныстырып, болашаққа жеткізу керек деген мақсат туды. Аңшылыққа арналған демалыс орны Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында да бар. Бірақ ол жерде тек атпен



серуендеп, аңшылықтың үлгісін көруге болады. Ал Алматыдағы Орталық музейінде жәдігерлер, аңшылықтың түрлері жан-жақты таныстырылады: қақпан құру, тұзақ салу, садақ ату, тазы жүгірту, құс салу сияқты дәстүрлермен толық таныса алады. Өйткені, қалада өсіп жатқан жастар мұндай төл өнеріміздің барын білсе де, бұрын көрмеген. Ұлттық құндылық – ұлттың тамыры. Сол тамырды үзбеу үшін еңбек етіп жатырмыз», – дейді Бағдат Мүптекеқызы.

Мұнда бірнеше бағыттағы жобалар жүзеге асырылуда. «Болашақ бүгіннен басталады» жобасы арқылы жастарға ұлттық дәстүрді үйрету қолға алынған. Сондай-ақ, аулада киіз үй тігілген. «Киіз үйдегі кездесу» деген бағдарламада ұлттық спорт пен өнерде жүрген тұлғалар, еңбек адамдары, өнер қайраткерлері, ғалымдар жастармен жүздесіп, тәжірибелерін бөліседі. Сонымен қатар, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше көңіл бөлініп, жылына кемінде үш-төрт баланы ұлттық өнерге баулу жоспарланған.

КӨНЕ МҰРАҒА АДАЛДЫҚ

Құсбегілік – қазақ ұлтының қанына сіңген көне мұра. Осы дәстүрді Қазақстаннан бөлек шетелдегі қазақ диаспоралары да ғасырлар бойы үзбей сақтап келеді. Соның ішінде Қытай мен Моңғолиядағы қазақтар құсбегілікті ерекше дәріптеп, бүгінгі күнге дейін дамытып отыр. Тіпті, Моңғолиядағы қазақтар «бүркіт тойын» жасап жүргелі ширек ғасырдан асты. Бұл елге ағылған туристер қазақ бүркітшілерін суретке түсіруге әуес және ол суреттер әлем ғаламторынан түспейтін ең қызықты тақырыпқа айналды. Моңғолиядағы құсбегілер негізінен Баян-Өлгей аймағында шоғырланған. Аймақта XX ғасырдың соңына дейін 300-ден астам бүркітші болған, ал бүгінгі күні шамамен 200-ге жуық құсбегі бар. Моңғолия қазақтары жыл сайын халықаралық деңгейдегі дәстүрлі

«Алтын бүркіт» фестивалін өткізеді. Бұл шараға оншақты елден туристер мен зерттеушілер келеді. Сонымен қатар, бүркітшілік Моңғолияда материалдық емес мәдени мұра ретінде мемлекет қорғауына алынған.

Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Алтай, Тарбағатай, Іле өңірлерінде де қазақ құсбегілері өмір сүреді. XX ғасырдың соңына дейін бұл өңірлерде 300-ден астам кәсіби бүркітші тіркелгені туралы деректер бар. 2006 жылы Қытайдың Шыңжаң өлкесінде өткен халықаралық бүркітшілер фестивалінде бір ғана Шыңгіл ауданынан 70–80 бүркітші қатысқаны мәлім. Қазақ бүркітшілері өздерінің тәжірибесі, шеберлігі және ерекше әдістерімен танымал болды. Алайда, кейінгі жылдары Қытайда құсбегілікке қойылған шектеулер мен табиғатты қорғау талаптарының күшеюіне байланысты бұл кәсіппен шұғылданатындар саны азайған.

Ал бізде ше? Қазақстанда да тәуелсіздік алғаннан кейін құсбегілік өнерге қызығушылық қайта оянып, жастар арасынан жаңа буын өкілдері шығып жатыр. Моңғолия мен Қытайдағы қандастар құсбегілікті тек кәсіп көзі деп емес, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі деп қарайды. Осы тұрғыдан алғанда, Алматыда ашылған «Қыран» орталығы құсбегілікті кең көлемде насихаттауға бағытталған маңызды бастама деп айтуға болады.

БҮРКІТШІЛІК ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТІЗІМІНЕ КІРДІ

Қазір қаладағы демалыс орындарында – Медеуде, Көктөбеде, басқа да туристік аймақтарда қыран, бүркітті жиі көреміз. Туристерге қолына қыран ұстап, суретке түсуді ұсынады. Өкініштісі, мұндай қызмет беззат өнерді танытудың бір тәсілі сияқты көрінгенімен, тек табыс табудың амалына айналып бара жатқандай.

«Бүгінде еліміздегі құсбегілердің сексен пайызы – жастар. Ең үлкені сексенге таяса, кішісі – 6-7 жастағы балалар. Олар ителгі ұстап, кішкентай қаршыға баптап, жыл сайын «Салбұрын», «Сонар» құсбегілер жарыстарына қатысып жүр. Қазақ тарихында түрлі қиын кезеңдер болды ғой. Кеңестік заманда бізге домбыра ұстаудың өзі бақсылық, ескі сарқыншақ деп танылды. Бүркітке де солай қарады. Бүркіттің де киесі бар, бұрын қазақта «қояншық», «эпилепсия» деп аталатын аурулар болмаған, өйткені әр қазақтың босағасында бүркіт отырған. Ол жын-шайтанмен қуады, жамандықты аластайды, берекенің бастауы деп санаған. Қыран құстың ниеті адал болады дейді. Ол: «Он баласы бар, он мың қойы мен жылқысы бар үйге барсам ғой, сонда күнде баласы мені аңға шығарады, қарным ашпас еді» деп тілейді екен. Сондықтан қазақ оны ырыстың басы деп ұстайтын. Ал кеңестік дәуірде «ескінін қалдығы», «жын-шайтанмен байланысты» деп бүркіт ұстауға тыйым салды. Қызыл кітапқа кірді деген сылтаулармен бұл дәстүрден ажыратып тастады. Неге Моңғолиядағы қазақтар сақтап қалды? Өйткені, олар сол ата кәсібін үзбей жалғастырды. Қытайдан келген қазақтардың да көпшілігі сол дәстүрді ұстанып отыр. Қазір біздегі бүркіт ұстайтындардың сексен-тоқсан пайызы – Қытай мен Моңғолиядан қоныс аударған қандастардың ұрпақтары. Олар атадан балаға қалған дүниені осы жаққа әкеліп отыр. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» болған заманда қайдағы бүркіт... Ұлттық дәстүрден ажырап қалдық. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ұлттық құндылықтарымызды қайта жинап жатырмыз.

Қыран орталығы мен республикалық Құсбегілер федерациясы бұл мәселені қолға алып жатыр. Бабамыздан қалған дүниені сақтап қалу үшін мемлекет еркіндік берді. Бір ғана бүркітті асырау үшін жылына екі жылқының еті керек. Сондықтан құсбегілер тіршілік қамы үшін кейде демалыс орындарына барып, табыс табуға мәжбүр. Бірақ қазір бүркітшілік ұлттық спорт тізіміне кіргеннен кейін бұл мәселе қатаң бақылауға алынды. Мұндай мүмкіндік құсты аздырмай ұстайтын, оның күткіміне бей-жай қарамайтын кәсіби құсбегілерге, федерацияның бүркітшілеріне ғана рұқсат беріледі», – дейді Бағдат Мүптекеқызы.



ҚОЛӨНЕР

АНАЛАР ҚАЗІР ҰРШЫҚ ИІРЕ МЕ?..

Алматы қаласының Медеу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында бір мәдени іс-шараға барғанымызда, кимешек киген әжелердің ұршық иіріп отырған әдемі сәті маған ерекше әсер етті. Себебі, біз ауылда күншуақта үнемі ұршық иіріп отыратын аяулы апаларды көріп өскен ұрпақпыз. Көзге жылы ұшырағаны сондықтан болар.



ЫРЫМ-ТҮЙЫМ

Ұршықты неге кері иірген?

- ✓ Түнде ұршық иіруге болмайды. Себебі, жын-пері оянып кетеді деген сенім бар.
- ✓ Қыз баланың ұршық иіргенін оның еңбекқорлығы деп бағалаған. Жаңа түскен келін ұршық иіруді үйренуі міндетті болған, бұл оның қолөнерге бейімділігін көрсеткен.
- ✓ Айналаны тасқын су ала бастағанда ақ жаулықты аналар су алдына отыра қалып, ұршықты кері иіреді не тасқын су алдына ақ тамызып, от алып шығады. Солай жасаса, тасқын су басқа арнаға түсіп ағады, не кері қайтып, тартылады деп сенген.
- ✓ Жаман түс көрсе де сол түсті жою үшін ұршықты кері иірген. Бұл түстің жамандық әкелуін тоқтату үшін жасалған.

оның қай жылы, кімнің қолынан шыққанын, жасалу тәсілін әңгімелейді.

Қазақ аналарының ұршық иіру дәстүрі Алматы сынды ірі мегаполисте де үлкендер және оқушы, студенттер арасында жақсы дәріптеліп жүр. Мәселен, мегаполистің Медеу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында өтетін түрлі мәдени-танымдық іс-шараларға ұршығымен келетін зейнеткер әжелер бар. Ата-бабамыз бұрын осы шағын ғана құралмен жүн иіріп, сырмақ, керме, шұлық, қолғап секілді күнделікті өмірге қажетті заттарды тоқыған. Алайда, бүгінде ұршық иіру дәстүрі ұмыт болып бара жатыр. Сондықтан әжелеріміз кейінгі жастарға

дәріптеп жүр. Ұлтымыздың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің маңызды бөлігі болған ұршықты біздің елде тұрмыста пайдалану неолит заманынан басталған көрінеді. Оған қола дәуіріне тән археологиялық қазбалардан қыштан құйылған ұршық қалдықтарының көптеп табылып жатқаны дәлел бола алады.

Ұршық иіру – сабыр мен төзімді, асқан шеберлікті талап ететін жұмыс, сондықтан оны шебер иірген әйелдер жоғары бағаланған көрінеді. Елгезек, сергек, жылдам қимылдайтын адамды «ұршыққа иірілген», «ұршықша иіріп әкетеді» деп әспеттегені берек емес-ау.

Оған ақ жаулықты әжелерді шақырдым. Бәрі балаларға үлгі болып ұлттық киіммен жарқырап келді. Халық әндерін әуелетті. Балаларға ұршықтың киесі туралы, құрылымы, атқарар қызметі жайында әңгімелеп берді.

Мен қазір Медеу аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында зейнеткерлерге бейнелеу өнерінен сабақ беремін. Жүннен түрлі бұйымдар жасаймыз. Ұршығымен келетін апаларымыз да бар. Жалпы, үлкен кісілерге ұршықпен жүн иіру процесі өте пайдалы, ол жүйкені тыныштандырады, бойдағы күйзелістен арылуға көмектеседі, сондай-ақ адамды сабырға, ұстамды болуға шақыратын да ерекшелігі бар. Есіңізде ме, бала күнімізде ұршық иіріп отырған әжелердің бәрі байсалды көрінуші еді ғой.

Менің де ұршығым бар. Нағашы әжемнің көзі. Кемінде жүз жыл болған құнды жәдігер. Бұл өнердің маған да қонғанына ризамын. Мен айтар едім, қолөнермен айналысатын әйел әрқашан сұлу болады деп. Біз – байырғы ісмер аналардың жалғасымыз. Сол ізді, ұршықтың жібін үзіп алмауымыз керек.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Орталық музей төріндегі жәдігерлер



Үміт ӘШИМОВА,
ҚР Мемлекеттік орталық музейінің
бас қор сақтаушысы:

Өркениет көшінен қалған емеспіз

Еліміздегі қор саны бойынша ең бай музей – Орталық музейде бірнеше ұршық сақталған. Қордағы археологиялық ұршықтардың басы түрлі тастардан (әктас, ұлутас), қыштан, түрлі минералдардан тегістеу, бұрғылау, жылтырату, ою арқылы жасалған. Олардың хронологиялық шегі әртүрлі. Мәселен, б.з.д. I мыңжылдықтың соңы, б.з.д. IV-II ғғ., б.з.д. IV ғ. - б.з. VI ғ. деп көрсетілген ұршық бастары бар. Сондай-ақ, этнографиялық ұршықтардың да бірнеше түрі сақталған. Олардың музей қорына түсу жолы да сан алуан: кейбірін әр аймаққа жасалған этнографиялық экспедиция кезінде қызметкерлер халық арасынан жинастырған, сатып алынған. Дәстүрлі бұйымдарымызды аяқ асты етпес үшін музейге жеке тұлғалардың да сыйға тапсырғаны бар.

Мәселен, КП 17114 нөмірлі ұршық 1981 жылы алматылық Айтжамал Серіковадан 15 рубльға сатып алынған. КП 13992 нөмірлі сүйектен жасалған ұршық сонау Маңғыстау жерінен жеткізілген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жататын жәдігер. Алматылық К.Гильмановтан 5 рубльге 1976 жылы сатып алынған. КП 1681 нөмірлі ұршық Орынбор музейінен жеткен. Сол кездегі құны 3 рубльге бағаланған. КП 27748/4 нөмірлі ұршық музей қорына 2013 жылы түскен. Алматы облысы, Өтеген батыр ауылының тұрғыны Дулат Есентаевтың жеке коллекциясынан сатып алынған. Сабы жіңішке ағаш шыбықтан жасалған. Ұршық тасы күмбез тәрізді етіліп сүйектен ойылған. Әрине, қазір ұршық иіріп отырмасақ та, ол ұмытылмайы тиіс. Кейінгі ұрпақтың біздің аналардың кезінде жақсы өмір сүріп, өркениет көшінен қалмай, жіп иіріп, әдемі де сәнді киімдер кигенін, төрінде алаша, текемет те жарқырағанын білуі керек.



Нұржамал
Әліш.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлназ ТОҚАБАЕВА,
«Urshuk» республикалық қоғамдық бірлестігінің алматылық мүшесі,
Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әдіскері:

Ісмер шешелердің жалғасымыз

Астанада Ұлттық музейде өткен «Ұршық-пати» этнофестивалінде әр өңірден келген қолөнершілер қаз-қатар отырып сәнімен ұршық иірдік. Жәй отырмай, халық әндерін шықадық. Демек, ұлттық музыка да дәріптелді. Иірілген жіптерді «Urshuk» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бибігүл Лаубайқызы түгел жинап алып арқан қылып есті. Бұл жердегі айтар ой – қандай істе болмасын, әрқашан бір болайық, әрдайым ауызбіршілігіміз үстем болғай, сыйластық жібіміз үзілмесін деген пәлсапа. Осы сәт маған қатты ұнады. Алматыға оралған соң №147 гимназияда «Ұршық-пати» өткіздім.



БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

«Jellyfish Camp» демалыс орталығына аттанды

Медеу ауданы мектептерінің 245 оқушысы «Jellyfish Camp» демалыс орталығында демалады. Балаларын шығарып салуға келген ата-аналарға Медеу аудандық оқу бөлімінің басшысы Ақнұр Оразханқызы лагерьдің ережелерімен таныстырды. Осылайша балалалар мінген екі үлкен автобус полиция қызметкерлерінің басқаруымен Қонаев қаласын бетке алды.

Рая ЕСКЕНДІР

Аталмыш лагерь 2011 жылы ашылғалы бері балалардың сүйікті мекеніне айналған. «Jellyfish Camp» Қапшағай көлінің жағасына орналасқан. Ағылшын тілінен аударғанда «медуза» деген ұғымды білдіреді. Мұндағы танымдық кештер, ойын түрлерінің дені су, теңіз тақырыбында өтеді. Таза ауа мен көлдің келбеті балаларға ұмытылмас эмоция сыйлап, бақытты балалық шақтың естеліктеріне айналып жатуы да содан болса керек.



Оқушылар Орталыққа келісімен лагерьдің мәжіліс залына жиналып, танысу сағатына қатысты. Осыдан соң стадионда спорттық эстафета басталып, оған екі жасқан құрылған команда қатысты. Сонымен қатар, лагерьде демалушы балалар арасында шахматтан, дойбыдан және тоғызқұмалақтан жарыс өткізілді.



Құрамында ИДН қызметкері, Алматы қаласының аудандық білім беру бөлімінің қызметкерлері, сондай-ақ кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі инспекция өкілдері бар арнайы Мониторингтік топ мүшелері балаларға буллинг, мінез-құлық ережелері және жеке қауіпсіздік тақырыбында профилактикалық дәріс өткізді.

Мұндай кездесу балалардың белсенді қатысуымен интерактивті түрде өтті. Топ мүшелері демалыс ұйымының жұмысына оң баға берді. Барлық іс-шаралар күн тәртібіне сәйкес келеді, қауіпсіз, құрылымдалған және ізгі ниетті атмосферада өткізіледі.

– Мұндағы түрлі шығармашылық шеберханаларда балалар қолөнермен, бейнелеу өнерімен, ұжымдық жобалармен жұмыс істейді. Ән-би сынды үйірмелерге қатысады. Әсіресе, балалар робототехникаға жақын екендіктерін танытып жатыр. Шеберханада балалар өз білімдері мен командалық жұмысты көрсетіп, модельдер құрастырады. Бассейнге балалар нұсқаушылардың бақылауымен ғана шоғылданады, – дейді «Jellyfish Camp» лагерьінің басшысы Жанар Аманжолқызы.

Каникул маусымы басталғаннан күні бүгінге дейін лагерьде 7 ауысым өтіп, онда 1200 бала демалды. Балалар тек Алматы қаласынан ғана емес, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келеді. Дәл қазір демалушы балалардың 580-і ҚТЖ жұмысшыларының, қалғандары әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен ата-ана қамқорынан тыс қалған балалар.

ОЙТАЛҚЫ

«ЖЕДЕЛ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ КӨМЕК» –

күрделі жағдайларда шұғыл әрекет ететін қызмет

Кейінгі жылдары әлемде де, Келіміздің өңірлерінде де бұралқы жануарлардың көбейіп, тұрғындардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ете бастауы үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Алып шаһар – Алматыда да бұл мәселе күн тәртібінен түспей тұр.

Ернұр РЫСБАЙ

ҚАУІППЕН КҮРЕС ПЕ, ӘЛДЕ АДАМГЕРШІЛІККЕ ЖАТ ӘРЕКЕТ ПЕ?
Қоғамда бұл мәселеге қатысты пікір екіге бөлінген. Бір тарап – жануарларға қатыгездік танытуға үзілді-кесілді қарсы. Олар қаңғыбас итерді ату немесе эвтаназия жасау – адамгершілікке жат әрекет деп есептейді. Бұл топтағы азаматтар көбіне жануарларды қорғаушы еріктілер, белсенділер мен жанашыр тұрғындар. Олар қаңғыбас жануарларды асырап алу мәдениетін қалыптастыру керек деген ұстанымда.

Ал екінші тарап, әсіресе, балалардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдіріп отырған ата-аналар мен қала тұрғындары. Олар үшін басты мәселе – қоғамдағы тәртіп пен бейбіт өмірдің кепілі ретінде, қараусыз итердің санын шұғыл азайту. Жуырда Алматы облысында орын алған қайғылы жағдайдан кейін, әлеуметтік желілерде қаңғыбас жануарларға қатысты қатаң шара қолдануды талап еткен жазбалар күрт көбейді.

● **Алматы қаласында осы бағытта бірқатар жүйелі шаралар қолға алынған. Қала аумағында күн сайын Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына қарасты «Алматы ветеринариялық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының 16 кезекші бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригадалар демалыс және мереке күндерінен басқа күндері қараусыз иттер мен мысықтарды аулауға шығады. Ал демалыс күндері бір бригада кезекшілік етеді.**

ҚАРАУСЫЗ ИТТЕР: ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?
Қаңғыбас итердің көбеюі, әсіресе, қала-ға шекаралас аудандарда байқалады. Ма-



(Сурет: ЖИ).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат КӘКЕНҰЛЫ,
«Алматы ветеринариялық қызметі» КМК басшысы:

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ
ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ
2025 жылдың ақпан айынан бастап қалада қараусыз және қаңғыбас жануарларға арналған жедел ветеринариялық көмек қызметі іске қосылды. Бұралқы жануарлардан келетін қауіптің алдын алу мақсатында бұл қызмет күрделі жағдайларда шұғыл әрекет етуге бағытталған. Ағымдағы жылдың басынан бері қалада 4609 бас қаңғыбас ит пен мысық ұсталды. Бұған қоса, 2025 жылдың тамыз айынан бастап Алатау, Бостандық, Жетісу, Медеу, Наурызбай және Түрксіб аудандарында қосымша аулау бригадаларын іске қосу жоспарланып отыр.

● **Әлемнің көптеген мегаполистері қараусыз жануарлар мәселесін шешуде түрлі әдістерді қолданады. Түркияда қаңғыбас итерге арнайы мобильді емханалар мен смарт-ошақтар орнатылса, Еуропа елдерінің басым көпшілігі жануарларды панажайларда ұстап, асырап алушыларға береді. Ал Үндістанда бұл мәселе адам өміріне қауіп төндіретін деңгейге жетіп, тіпті кейбір қалаларда түнде далаға шығу қауіпті саналатын жағдайлар орын алады.**

ЖАНАШЫРЛЫҚ ТА, ҚАУІПСІЗДІК ТЕ КЕРЕК
Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына қарасты «Алматы ветеринарлық қызметі» мекемесінің меншікті панажайы жоқ. Аулау жүйесін ұйымдастыру үшін олар ауланған жануарларды ұстау үшін жеке компаниядан Спасская к-сі, 150/1 мекенжайындағы (Түрксіб ауданы) аумағы 1 га мүліктік кешенді жалға алады. Алайда, жануарларды ұстау барысында қоғам тарапынан түсінбеушілік немесе қарсылық танытатын жағдайлар да кездесіп жатады. Кей кездері жұмысшыларға

жануарларды ұстауға кедергі келтіріп, тордан босатып жіберетін белсенділер де бар. Тіпті, аулау қызметкерлеріне тіл тигізіп, газ баллоншасын қолданатын жағдайлар тіркелген. Сонымен қатар, иттер кейде өзен жағалаулары немесе көлік қозғалысы көп көшелер сияқты күрделі жерлерде шоғырланады. Мұндайда аулау жұмыстарын жүргізу қиындық тудырады. Ал кейбір жағдайларда иттер жеке аумаққа кіріп кеткен кезде қызметкерлерге ол аумаққа өтуге рұқсат берілмейді.

Жоғарыда аталған деректер Алматыда қаңғыбас жануарлармен күрес мәселесі өте күрделі әрі жан-жақты шешімді талап ететінін көрсетіп отыр. Бұл тек жергілікті билікке емес, қала тұрғындарының да жауапты көзқарасына байланысты. Жануарларға жанашырлық таныта отырып, адам өмірінің қауіпсіздігін де естен шығармаған жөн. Ең бастысы – балалардың өміріне қауіп төндіретін жағдайларға жол берілмеуі тиіс.

● **Аулау жұмыстары азаматтардың өтінімдері негізінде атқарылады. Өтінімдер диспетчерлік қызметтің +7 708 895 64 04 нөміріне немесе Алматы қаласының «109» бірыңғай қызметі арқылы қабылданады.**



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Отбасы институтын қолдау орталығы:

«АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ»

Алматыда халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге бағдарланған арнайы жобалар ұйымдастырылуда

Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтарды Конституцияда бекітілген кепілдіктер, еңбек құқығы, әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамту салаларындағы соңғы заңнамалық өзгерістер туралы жан-жақты ақпараттандыру үшін еңбек құқығы мен әлеуметтік кепілдіктерге қатысты жетекші заң консультанттары, жергілікті атқарушы билік өкілдері мен конституциялық заңнама бойынша сарапшылар бас қосты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жоба мақсаты – азаматтардың еңбек құқығын жүзеге асыру мен қорғау. Іс-шарада «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы аясында қолға алынған жаңа заңнамалық бастамалар жан-жақты талқыланды. Негізгі бағыттар:

- Еңбек құқығы мен әлеуметтік кепілдіктерге қатысты Конституциялық нормаларға шолу;
 - Жұмыспен қамту және әлеуметтік төлемдер саласындағы заңнамалық өзгерістерді талқылау;
 - Еңбек заңнамасы және қызметкерлердің құқығын қорғау мәселелері бойынша кеңес беру;
 - Жұмыспен қамту мен кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттандыру.
- Бұл арнайы іс-шаралар – халықтың құқықтық мәдениетін көтеріп, кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдауды күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар, бастама азаматтық жауапкершілікті арттырып, еліміздің демократиялық негіздерін нығайтуға үлес қосады.
- Ұйымдастырушылар мәлімдегендей, жиын аясында



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қызмет алушыларға құқықтық кеңес беру үшін заңгерлермен қатар, Мобильді жұмыспен қамту орталығының мамандары да тартылған. Жұмыссыз қалған немесе табысынан айырылған азаматтар мобильді базаға тіркеліп, «жұмыс іздеуші тұлға» ретінде есепке тұра алады. Егер үш күн ішінде жұмыс ұсынысына жауап берілмесе, олар ресми түрде «жұмыссыз» мәртебесін алады. Осыдан кейін оларға тиісті жұмыс орындары ұсынылады. Егер адам бұрынғы мамандығынан айырылған болса немесе басқа салада жұмыс істегісі келсе, бірақ дипломы немесе құжаты жоқ болса, мемлекет қысқа мерзімді қайта даярлау курстарын тегін ұсынады. Курсты аяқтаған соң, азамат сертификат алып, жаңа салада жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін көмек. Орталық өкілдері атап өткендей, «мемлекет адамға

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сана ЖАНДАЙ,
Отбасы институтын қолдау
орталығының директоры:



**Қиын жағдайға
тап болған
отбасылармен
жұмыс істейміз**

«Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» бастамасы аясында қызмет алушыларға арналған арнайы шарамызға еңбек заңнамасына маманданған білікті заңгерлер мен сарапшыларды шақырдық. Олар қызмет алушыларға қандай құқықтық мүмкіндіктер мен әлеуметтік кепілдіктер қарастырылғанын, өз құқықтарын қалай қорғауға болатынын жан-жақты түсіндіруде. Бұл өте маңызды. Себебі, кез келген адам тұрақты табыс көзіне ие болу үшін, алдымен еңбек шартын заңды түрде дұрыс рәсімдеуі керек. Егер еңбек келісімі талапқа сай жасалса, азамат заң жүзінде өз құқығын қорғай алады. Біздің Орталық көбінесе қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмыс істейді. Бұл – өз бетімен мәселесін шеше алмай жүрген әлеуметтік осал топ өкілдері. Сондықтан біз оларға мемлекеттік қолдау шараларын жеткізіп, қоғамға қайта бейімделуге көмектесеміз.

тек жұмыс тауып беріп қана қоймай, оны аяғынан тік тұрғызуға мүмкіндік береді. Жұмыспен қамту мәселесі шешілмесе, өзге де әлеуметтік проблемалар туындайды. Мысалы, азамат медициналық көмектен қағылады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне аударымдар жасалмаған болса, тегін медициналық көмекке қол жеткізу мүмкін болмайды. Ал «жұмыссыз» мәртебесін алған азамат автоматты түрде осы құқықтарға ие болады. Бұрынғы заңнама бойынша, жұмыс тауып бергеннен кейін азамат бір айдан соң жұмыстан шығып кете алатын. Қазір бұл мерзім үш айға ұзартылды. Бұл – адамның өз мүмкіндігін көрсетуіне, жұмыс берушінің де оның әлеуетін бағалауына жағдай жасайды. Себебі, бұл – тегін ұсынылатын мемлекеттік іс-шара, оның нақты нәтижесі болуға тиіс.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Айдана ЖАПАРОВА,
кәсіби сурдоаудармашы:

АРБАҒА ТАҢЫЛЫП, ҚАЙТА ТҰРДЫМ



(Сурет: кейіпкердің жеке архивінен)

Әлеуметтік желіде үлкен концерттерде танымал әншілердің әнін есту қабілетінен айырылған жандарға ыммен жеткізіп жүрген қыздың бейнебаянын көрген боларсыздар. Жұрт оның әрекетіне риза болып, алғыстарын білдіруде. Көптің батасына бөленген ару – Айдана Жапарова – кәсіби сурдоаудармашы, 31 жаста. Бүгінде ол еліміздегі ауқымды жобаларға атсалысып, қазақстандық әртістердің әйгілі әндерін ести алмайтын жандарға ым тілімен жеткізіп отырады. Өз қызметін тегін ұсынатын мейірімді жан, қиын да қызық кезеңдерден тұратын өмір жолы жайлы тебірене әңгімелеп берді.

«Есту қабілетінен айырылған отбасында өстім»

Айдананың ата-анасы – есту қабілетінен айырылған жандар. Осы себептен де, ол кішкентай кезінен ым тілін үйренуге мәжбүр болғанын және бұл тілдің ол үшін тек сөйлесу құралы емес, өмірінің бір бөлігіне айналғанын айтты.

«Ата-анамның есту қабілеті кішкентай кезінде жоғал-

ған. Сол себепті, сіңілім екеуіміз кішкентайымыздан ым тілін игердік. Бұл тілді маған анам үйретті. Оны үйрену табиғи процесс секілді өткендіктен, нақты қалай үйренгенім есімде жоқ. Әкем ерте жасымда өмірден өтті. Мен анаммен үнемі бірге еріп жүріп, оған көп дүниені аударып беріп отыратынмын. Ымдау тілі – менің туған тілім секілді болды», – дейді Айдана.

Айдана қазір отбасылы. Жары және алты жасар қызы бар. Ол кішкентай қызының да ым тілін меңгергенін, әжесімен еркін сөйлесе алатынын айтты.

Тағдыры Айдананы тосыннан сынаққа түсірді. Колледж оқып жүріп, диплом қорғауының алдында денсаулығы кенет сыр беріп, мүгедекке айналып, арбаға қалай байланғанын ұқпай қалды. «Аяғымды баса алмай, сезімталдығым жоғала бастады. Анамды аса мазалағым келмеді. Өз денсаулығыма өзім мән беріп көрейін деп қарала бастадым. Бара-бара аяқтан мүлде жүре алмай қалдым. Дәрігерлер маған «ішкі қан тамырларының жарылуы, жұлын ісігі» деген диагноз қойды. Солайша мен параличке шалдықтым. Қолдарымды да қозғалта алмай қалдым. Жақындарым барынша қолдау білдірді. Сол кезде маған ота жасаған хирург «бәрі өзіңізге байланысты, мықты болсаңыз жүріп кетесіз» деген еді. Ал өмір мені онсыз да мықты етіп тәрбиелеген еді», – дейді ол.

Өмірден мықты болуды, қиындыққа қарсы жүруді үйренген ол бұл сынаққа да мойымады. Еңсесін тік ұстап, бар жігерін жинап, тек алға ұмтылды. «Сіңілім маған үлкен қолдау білдірді. Мүгедек болғым келмеді. Өзіммен өте қатты жұмыс істедім. Жұлын ісігін кетіру үшін жаттығулар қажет болды. Мен өзіме мақсат қойып, сол мақсатыма жеттім. Бір жарым жылдан кейін аяғымның саусақтары қозғала бастады. Бұл маған кішкентай ғана үміт сәулесі іспетті көрінді. Мен тоқтамай, емімді жалғастырдым. Кейін ақырындап аяққа тұрып, жүре бастадым», – дейді Айдана.

Бәрі қалай басталды?

Айдана Жапарова алғаш рет Dequine есімді әншімен өнер көрсетті. Ым тілімен ән айту ұсынысын көп әншіге айтқанымен, ең бірінші болып қолдаған Dequine болған. Алғашқы концертте Айдана оның бірден 6 әнін аудармамен орындаған. Ол өзінің қобалжығанын, бірақ іштей арманының орындалғанына қуанғанын жасырмады. «Біз

Dequine-мен танысып, бірге дайындалдық. Ол менің ұсынысымды қабыл алып, қолдау білдірді. Алғашқы өнер көрсетуім болғандықтан өте қатты қобалжыдым, сахнада толық ашыла алмадым. Кейіннен өзге әртістер де бұл тілдің ерекше тыңдармандар үшін маңызды екенін түсініп, ұсынысты қабылдап бастады», – дейді кейіпкеріміз.

Айдана әндерді орысша ымдап жеткізетінін айтты. Себебі, бұрынғы Кеңес Одағына кірген елдердің бәрі тек орыс ымдау тілін қолданады екен.

«Әрине, ең қиыны – рэп. Рэп әуендерін аударып жеткізу қиынға соғады. Сондай-ақ, қазақшадан орысшаға аудару да өте қиын. Себебі, қазақша әндерді сөзбе-сөз аудармамаймыз. Оның мағынасын орысшаға аударып барып жеткізуіміз керек. Әйтпесе, мылқау жандар оны дұрыс түсінбей қалады» деді ол.

Инклюзивті театрдағы қызмет

Айдана бұдан бөлек Астанада инклюзивті театрда қызмет етеді. Ол онда қойылымдарды ым тілінде жеткізіп отырады. «Театрда жұмыс істеудің өзі – үлкен бір әлем. Әр қойылым әртүрлі күйді жеткізуге мәжбүр етеді. Өзімді сол қойылымның бөлшегі сезінемін. Режиссермен және актерлермен бірге дайындық жүргіземін. Себебі, режиссер қай жерде қандай эмоция беру керектігін айтып отырады. Солайша мен мылқау жандарға қойылымның көңіл күйін тұтас беріп отырамын», – дейді Айдана.

Ол жылап тұрып рахметін айтып жатқан ерекше жандардың ризашылығын көріп, одан сайын шабыт алып жатқанын жасырмай, тілек-ниетін де айта кетті. «Әрбір алғысын айтып жатқан жанға рахметім шексіз. Еңбегімді бағалап жатқан ерекше жандардың әрбір сезімін, ішкі ойларын бәріні көздеріндегі қуаныштан көріп, біліп жүрмін. Бұл мені одан сайын шабыттандырады. Алдағы уақытта осындай үлкен концерттерде мүгедек жандарға, әсіресе, есту қабілетінен айырылғандарға жеңілдіктер қарастырылса деймін. Себебі, қазір жастар арасында музыкаға әуестенетіндер көп. Оның ішінде мылқау кісілер де бар. Олардың сол ниетін, «қоғамның бір бөлшегі болайыншы» деген ілтипаттарын біз назарсыз қалдырмауымыз керек», – дейді Айдана Жапарова.

Дина ЛИТПИН.

САРАПТАМА

БАҒАЛАР ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Мәдениет пен өнер – ұлттық болмысты тәрбиелейтін құндылық

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың өнімдеріне қатысты жаңа баға бекітілді. Біраздан бері мәдениет саласы өкілдері мен көрермендер назарын аударған мәселеге ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 4 шілдедегі №307-НҚ бұйрығы нүкте қойды.

Көрермен де, тыңдарман да, оқырман да көбейді

Республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың басым көпшілігі Алматы қаласында орналасқандықтан, қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаңа тәртіпті біле жүру маңызды деп есептейміз. Еліміздегі мәдени саясатты жүзеге асырушы уәкілетті органның шешімі театр қойылымдары мен концерттердің бағасын едәуір көтеріп отыр.


Алматы қаласы тұрғындарының мәдени, мәдени-демалыс іс-шараларға қатысу белсенділігі артып келеді. Әсіресе, постпандемиялық кезеңде бұл көрсеткіштер өте жоғары қарқында өсім деңгейін көрсетіп отыр.

◆ Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2024 жылы Алматы қаласында орналасқан театрлардың қойылымдарын 741 мыңға жуық көрермен тамашалаған. Жалпы, көрермен санының 664 мыңнан астамы мемлекеттік меншіктегі театрлар еншісінде болса, 75 мыңнан астамы жеке театрларға тиесілі. Жоғарыда аталған көрермендерге қызмет көрсету үшін театрлар бас-аяғы 4 мыңнан астам іс-шара ұйымдас-тырған.

Пандемияға дейінгі кезеңде Алматы қаласында театрға баратын көрермендер саны 500 мың адам (2017-2018 ж.ж.) шамасында еді. Бүгінгі таңда жалпы көрермендер санының шамамен 30 пайызға дейін артуы және бұл белсенділіктің кейінгі 3 жылда (2022–2024 ж.ж.) тұрақты сақталып отырғаны қуантады.

Шаһардағы 15 концерттік ұйым да белсенді жұмысын жалғастырып келе жатыр. 2024 жылы осы концерттік ұйымдар мыңнан аса түрлі деңгейдегі концерт өткізіп, бас-аяғы 800 мыңға жуық көрермен жинаған. Қаламызда кейінгі жиырма жылда концерттік ұйымдар саны азайғанымен, концертке баруды әдетке айналдырған тұрақты көрермендер аудиториясы қалыптасты, көрермендер саны мен іс-шаралар саны еселеп артқан.

◆ Алматы – еліміздің мәдени орталығы болса, оның деңгейі дәл осы мәдени өнімдерді тұтынушылар санымен анықталады. Алматыда 38 кітапхана бар, сол кітапханаларға 2024 жылы 5 миллионнан астам оқырман келгені тіркелген. Әрине, бір оқырман бірнеше мәрте келуі мүмкін, алайда кітапхана табалдырығын аттаған адам санының 5 миллион мөлшеріне жетуі – қаламыздың мәдени өміріндегі айрықша құбылыс. Құбылыс дейтініміз, кітапханаға келушілердің саны 10 жыл бұрынғы көрсеткіштерден екі есеге жуық өсіп отыр.



Музейлер бағытында да дәл осылай өсім тенденциялары байқалады: Алматыдағы 20 музейде сақталған 300 мыңнан астам жәдігерді 850 мыңға жуық келуші тамашалаған.

Алматы – жоғарыда аталған мәдениет саласының түрлі бағыттарындағы көрсеткіштер бойынша қалалық бөліністе көшбасшы. Мәдени өнімдердің тұтынушылар саны артқан кезде 2020 жылы бекітілген қызмет құны туралы құжаттың да ескіретіні сөзсіз.

Билеттер құны неге өсті?

Жазбамыздың басында атап өткен бұйрық республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың, музейлердің қызмет көрсету құнын едәуір өсірді. Кейбір мекемелердің әлеуметтік желідегі парақшаларынан жаңа бағаның бекітілгені туралы хабарламалар мен түсіндірме жазбаларды байқадық. Алайда, министрлік тарапынан жалпыға ортақ түсіндірме болмады.

Алматыда орналасқан республикалық мәдениет ұйымдары да осы өзгерістерді жүзеге асырады. Айталық, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының жағдайында баға келесі қалыпта бекітілген:

● **Опералық қойылымды тамашалаудың бұрынғы бағасы 1500–5000 теңге аралығында болса, жаңа құжат бұл бағаны 1500–6000 теңге аралығында анықтайды;**

● **Балет қойылымдарының билет ақысы бұрын 2000–7500 теңге аралығын қамтыса, қазіргі баға 2500–7000 теңге деңгейінде бекітіліп отыр.**

Мәдениет мекемелеріндегі билет құнының өсуі – сұранысты зерттеу мен инфляция есебінен туған шара. Әлбетте, республикалық мекемелердің, ұлттық театрлардың қойылымдарын тамашалау жаңа баға бекітілгеннен кейін де қолжетімді деп есептеуге болады.

Министрлік бұйрығымен бекітілген жаңа баға тенденциясы сатылы өсу тәртібін сақтаған. Алайда, кейбір мекемелердің өнімдеріне билет бағасының бірнеше есе өскенін де айта кету керек. Алматыда орналасқан республикалық деңгейдегі музей бағалары да аталған

құжат негізінде кіру құнын көтереді. Концерттік ұйымдардың, филармониялардың баға деңгейі шамамен 20–30 пайыз көлемінде өскенін байқаймыз. Бұдан бөлек, музей-қорықтардың да кіру билеттерінің көтерілгенін айта кету керек.

драма театрларының қойылымдары, жергілікті орындаушылардың концерттері, музейге кіру құны шамамен 12 – 500 (кей жағдайда 1500) АҚШ долларына дейін бағаланған.

Алматының туристік әлеуеті

Алматы қаласының туристік әлеуетін бағалаған кезде шаһардың мәдени объектілері ерекше маңызды рөл атқарады. Сондықтан жаңа құжатта туристерді қабылдау жағдайы да ескерілгенін айта кеткен жөн. Мысалы, музейлерде келушілерге ағылшын тілінде қызмет көрсету үшін өз алдына бөлек баға көрсетілген.

Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы I тоқсандағы орташа жалақысы деңгейіне сүйеніп, алматылық тұрғынның бір айда мәдени демалысқа қанша қаражат жұмсауы мүмкін екенін есептеп көрелік. Орта бағадағы билеттерді сатып алды деп санасақ, айына бір мәрте опера және балет қойылымдарын, драмалық қойылымды, концертті тамашалап, музейге және музей-қорықтарға бару үшін шамамен айлық табысының 5 пайызын жұмсайды екен.

Мемлекет тарапынан мәдениет мекемелерінің өнімдері мен қызметтерін пайдалану барысында әлеуметтік жеңілдіктері бар азаматтарға да тиісті жағдай қарастырылған.

ТҮЙІН:

Мәдениет пен өнер – ұлттық болмысты айшықтайтын, рухани тәрбиелейтін құндылық. Тұтас елдің мәдениет орталығына айналған Алматының көшбасшы шаһар ретінде жауапкершілігі жоғары. Қаланың мәдени тыныс-тіршілігі дамыса, азаматтық қоғамның да сапасы арта берері сөзсіз.

Қолжетімді мәдени демалыс

Қазақстандағы мәдени демалыс бағасы жаңа құжаттағы өсім деңгейін ескергеннің өзінде қолжетімді деп айтуға болады. Ашық дереккөздегі ақпараттарға сүйенсек, АҚШ, ҚХР, Ресей, Еуропа елдерінде опера және балет қойылымдары,

Әділет МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.



ЖАҢАЛЫҚ

Мобильді симулятор:

МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Ғылымсыз ғаламның дамымай-тыны анық. Сондықтан ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды. Соңғы жылдары түрлі табиғи апаттар орын алып, оның салдарымен күресу де оңайға түсіп отырған жоқ. Ең өкініштісі, осындай жағдайлар орын алғанда қай саланың болсын, арнайы мамандарының тапшы екені байқалып жатады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Дегенмен, осындай олқылықтың орнын толтыру үшін Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде инженерлік хаб пен технопарк ашылғаны белгілі. Қазіргі таңда онда ғалымдар екі жобаның игілігін

зерделей бастады. Мәселен, мұнда геология, металлургия, сейсмология, су ресурстары бойынша маңызды жобалар жүзеге асып жатыр. Бұл жобалардың табиғи апаттардың алдын алып, салдарын жеңілдету үшін маңызы зор. Соңғы жылдары жердің ауық-ауық «тербеліп» қойып жатқаны да жасырын емес. Осы ретте Сәтбаев университетінің студенттері мен магистранттары жер сілкінісі симуляторы жобасын жасап шығарды. Жалпы, елімізде мұндай симуляторлар бұрыннан бар көрінеді. Олар тек бір бағытта ғана қозғалады екен.

– Бұл тренажерді 7 балға дейін текшеп, көтеруге болады. Яғни 1 балдан 9 балға дейінгі айырманы сезіну мүмкіндігі бар. Мәселен, мына тренажер көлденеңінен де, тік қалыпта да істейді. Адам өзін қалай сезінетінін түйсінеді. Біріншіден, не істеу керек, қай қабырғаға бару керек. Мысалы, ригельдің астына тұру керек. Адам неғұрлым соған үйренсе, соғұрлым



жер сілкінесе олар психологиялық түрде соған үйренген болады. Екіншіден, сол кезде не істеу керек екенін үйреніп алады. Енді ғалымдар бұл жобаны жетілдіру жолдарын қарастырып жатыр. Тағы 100 шақ-

тысын жасамақшымыз. Ал төтенше жағдай мамандары оны жаттығу жиындарында сынап көрмек, – деді техника ғылымының кандидаты, жоба жетекшісі Қасым Елемесов.

БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚТАР

ФИЗИК-АТОМШЫ

Уран өндірісінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған тұңғыш қазақ – Манас Сатанов туралы не білеміз?

Жетпіс жыл билік құрған Кеңестік жүйеде алып империяның әлем алдындағы мықтылығын мойындату мақсатында советтік ғылымның көп жаңалықтары құпияландырылып келді. Космосты меңгеру, ядролық мемлекет болу, т.б. нәрселер жасырын жағдайда болды. Құпия салаларға маман дайындау жоғарғы деңгейде болғаны рас. Олар жоғарғы білім алған көп жастардың арасынан қабілетіне қарай іріктеліп отырғаны да шындық. Біздің кейіпкеріміз де сондай жандардың бірі.

Нұрлан
СҮЙІН

дар тобы алғашқы боп КСРО Мемлекеттік сыйлығын 1970 жылы алған. Бұл сыйлық қазақ ауылшаруашылығы ғалымдарына «Қызылша өсірудегі жаңа кешенді жоба» жаңалығы үшін беріліпті. КСРО Мемлекеттік сыйлығының сыйақысы 5000 рубль (сом) болған. Бұл ол заманда орташа жаалақы 90 сом кезінде қыруар ақша еді. КСРО Мемлекттік сыйлығы 1991 жылы КСРО тарқағанға дейін беріліп келді. Ал сіздер совет ғалымдарымен бірге құпия жағдайда мемлекеттік сыйлық алған қазақты білесіз бе?

БАУЫРЛАС ЕЛ
ТОПЫРАҒЫНАН ТҮЛЕГЕН

Біздің кейіпкеріміз сол кездегі Өзбек КСР-нің Бұқара облысында, оның ішінде бүгінге дейін қаймағы бұзылмаған қазақы орта – Тамды топырағында дүниеге келген. Кеңес Одағы орнаған 1928 жылы Тамды ауданы Қазақ АССР құрамында боп, кейін 1940 жылдары Бұқара облысына өткен. Бірақ қой шаруашылығымен күнелткен жүз пайыз қазақтар бүгінгі күнге дейін сол қалпы сақталған.

Манас Мамырұлы Сатанов осы Өзбек КСР-інің Бұқара облысы, Тамды ауданында 1945 жылы дүниеге келген. Алғыр

бозбала Тамдыдағы қазақ орта мектебін үздік бітірді. Мектептен соң Ташкент Мемлекеттік университетінің Физика факультетіне оқуға түсті. Ол кездегі Ташкент университеті Орталық Азиядағы ең мықты оқу орны әрі совет білім жүйесінің кадр дайындау бойынша Орталық Азиядағы негізгі ордасы болды. Университетте өте жақсы оқыған, ғылымға бейімді Манас Сатанов бұл жоғары оқу орнын үздік бітірген. Ол кезде мамандық меңгергендер жолдамамен өндіріске жіберілетін, екі-үш жыл мамандығы бойынша жұмыс жасайтын. Жас маман Манастың да алдында еңбек жолын өндірістен бастау тұрды. Дегенмен, сол кездегі жүйе үздік студенттің «жолдамасын» белгілеп қойған болатын. Жас маман Өзбек КСР-індегі кешенді кен орны бар «жабық қала» – Зарафшанға жіберіледі. Бұл тікелей Мәскеуге бағынатын, Совет Одағының құпия нысандарының бірі еді. Өндірістің өзінің жабық ғылыми орталығы, т.б. жабық жағдайдағы бөлімдері болды. Кешенді өндіріске ол заманда тек тексеруден өткен мамандар ғана алынатын. Жас физик-маман бара сала жұмысқа бірден қабылданады.

АТЫ АТАЛМАҒАН ҒАЛЫМ

Манас Сатанов 1974 жылы іске қосылған Мұрынтау карьері маңындағы Гаммаактивациялық лабораторияда жұмыс істеді. Бұл тікелей Мәскеуге бағынатын аса құпия нысан. Ерекше құпия лабораторияны іске қосуға сол кезде Мәскеу Радиациялық институты мен Ленинград Электрофизикалық аппаратура институты жұмылдырылды. Мұнда телегей білім мен қыруар еңбекті талап ететін, бөтен ешкімге белгісіз жұмыстар жүріп жатты. Күн, ай, жыл санамайтын жұмыстар. Осынау жабық жағдайдағы жұмыстың бел ортасында жас қазақ Манас жүрді. Құпия өндірісте жас ғалым Манас Сатанов уран өндірісіне қажетті құрылғы «Желілік тездеткіш» (Линейный укоритель) ойлап тауып, серіктестерімен бірге оны өндіріске енгізді. Құрылғы өндірісте топырақ құрамындағы алтынды анықтауға 1,5 тәулікте жасалатын химиялық анализдің уақытын 17–20 секундқа дейін, яғни 1700 есе қысқартты.

Бұл – совет ғылымының үлкен жеңісі еді. Атом өндірісінде қолданылатын қондырғы әлемде теңдессіз әрі тұңғыш құ-

рылғы болды. Осылай баламасы жоқ жаңалық ашқан совет ғалымдарының ортасында керемет қазақ Манас Сатанов болды. Әрине, бұл ғылыми жаңалық, өндірістегі өлшеусіз өзгерістің барлығы секілді ол кезде құпия болатын. Барлығы да КСРО ыдырағаннан кейін белгілі болды. Ғылымдағы баламасы жоқ (уникальный) жетістігі үшін Манас Мамырұлы Сатановқа 1983 жылы ең жоғарғы награда – КСРО Мемлекеттік сыйлығы мен Алтын медаль табысталды. Әрине, жабық жағдайда. Манас Мамырұлы Мемлекеттік сыйлықты сол кездегі КСРО Ғылым академиясының президенті А.П.Александровтың қолынан алды. Құпия өндірістің маманы Мемлекеттік сыйлықты да Кремльде емес, жасырын жағдайда алыпты. Бұл Мемлекеттік сыйлықтың сыртында аса көп білім, өлшеусіз еңбек жатқанын сол кезде санаулы адамдар ғана білді. Құпия өндіріс пен ондағы жас ғалымның еңбегі жайлы одақтас республикалар тәуелсіздік алған тұста ғана шым-шымдап айтыла бастады.

АТАМЕКЕНГЕ ОРАЛУ

Бауырлас республикада дүниеге келіп, мықты маман болып қалыптасқан Манас Мамырұлының ашқан жаңалығы, атқарған еңбегі жабық жағдайда болса да ескерілді. Кеңес Одағы құрамында болған республикалар егемендікке қол жеткізгеннен кейін ғана Манас Сатанов сияқты құпия жағдайда қызмет еткендерге «еркіндік» берілді. Бұл да бір үлкен мүмкіндік еді. Осы тұста сырттан атамекенге оралғандар сапында ағайынды Сатановтар да болды. Алып империя ыдырап, одақтас республикалар тәуелсіз мемлекет болған тұста физик-ғалым, өндірісші – өнертапқыш Манай Сатанов тарихи Отаны – Қазақстанға қоныс аударды. Манас Мамырұлы сияқты қазынасы мол кісілер қай жерде де керек қой. Жоғары білікті маманның далада қалмайтыны белгілі. Тек маманның өзінің өткен еңбек жолы жайлы ашық айта алмайтыны болмаса. Елге оралған Манас Сатанов Тараз Мемлекеттік университетінде, Алматыдағы Авиация академиясында ұстаздық етіп, дәріс оқыды. Көріп-білгенін, білімі мен ілімінің көп қазынасынан студенттерге дәріс берді, шәкірт тәрбиеледі. Бүгінде зейнеткер.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

XXI ғасыр – ғылым мен жаңа технология дәуірі. Жаһанды ғаламтор торлап тұр. Смартфон көмегімен әркім қолынан келген істі пұлдап әлек. Соның ішінде қаптаған коуч, мотиватор, онлайн психологтардың дәурені жүріп тұр. Танымал өнер жұлдыздарынан бастап, әйгілі спортшы, ең аяғы қарапайым адамға дейін телефон арқылы ақыл-кеңес айтып, табыс табатын болып алды. Оның қайсысы адал, қайсысы арам екенін ескеріп, елеп жатқан ешкім болмай тұр. Әлгі толған мотивация бергіштердің негізгі курстарында басты айтылатын кейс-месседждер: «өзіңді дамыт», «өзіңді басындырма», «әйел күйеуіне бағынышты емес», «ақша көп болсын десең мына дұғаны қайтала» және тағы басқа да ел-жұртты адастыратын теріс пайымдарға тыйым салатын кез келді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙАқылды аузы дуалылар
айтатын еді

Ауылда өстік. Үлкендердің сөзін үлгі-өнеге еттік. Бірақ оқта-текте бізге де үлкен кісілердің көңілі толмайтын. Дәл осы үдеріс адамзат жаратылғаннан бері бірге жасап келе жатқандай. Ең қызығы, бұрын аузы дуалы, елге сыйлы, сөзі мен ісі жарасқан қария ақыл айтып, елді сабырға шақырып, жөн сілтеп, жастарға тәрбие беретін. Өйткені, ол кісі өмір-тәжірибесінің арқасында, өзінің білген-түйгенін өнеге ететін. Ел арасында «Қырыққа келген ерді елі танымаса – қасирет, қырыққа келген әйел өңін бермесе – қасиет» деген ұлағатты сөз бар. Расында, қазақ халқының ұстанымы, дүниетанымы әліге дейін өзекті. Бұрын өнегелі әңгімені есті адам айтатын, қазір қызыл сөзге құмарлардың бәрі елге ақыл айтқыш болып алды. Instagram, Facebook, TikTok, Telegram, YouTube сияқты әлеуметтік желілердің дәурені жүріп тұр. Автобуста кетіп бара жатсаң да, таксимен жүрсең де, үйге барсаң да түрлі әлеуметтік желіден таңнан кешке дейін насихат айтып, сарнап отырған онлайн психолог, бітпейтін мотиватор, жағы талмайтын коуч, о дүние мен бұ дүние арасын шарлап жүргендей сөйлейтіндер өріп жүр.

Қазір ата-ананың балаға, ағаның бауырға, туыстың ағайынға сөзі өтімді емес. Қалталы блогерлер Мальдив, Дубай, Тайланд барғанына мәз әйтеуір. Сондай-ақ, «Тиктокер», «Истаграмчик», «блогер» терминдері қоғамға еніп, көбелектей көбейді. Есік көрмеген қыз немесе ажырасқан әйел отбасылы болуды үйретеді, кәсіп аспаған біреу бизнес-тренер, өз басын әрең алып жүргендер онлайн психолог-ақылшы, кредит төлей алмай, отбасымен ажырасқандар коуч әрі мотиватор боп жұртты шатастырып бітті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ


Жігер АСҚАР, ақын:

Ұлттық тәрбиені естен шығармайық

Ата-бабаларымыз «Бәріне төзген әйел – бәрінен озған әйел» деп тәмсілдепті. Иә, бүгінде бәрінің құқығы тең. Ешкімді алалау, кемсітушілік жоқ. Десе де, таңнан кешке дейі, «еркектен әйел кем емес» деген ұран айтуды доғарған абзал. Бұл қазақтың ұстанымына сай келмейтін нәрсе. Ал сөйтіп айтып отбасын ойрандап, жанұя жылуын қашырып жүргендер көп. Елдің бәріне ақыл үйрететін шалапсихологтарға шектеу қойылуы қажет. Интернет – талай шаңырақты ортасына түсірді.

Еркек – ер мінезді қайрат танытып, әйел – нәзік жанды сүйкімді атанып, бала – инабатты боп, қоғамда әркім өз орнында қалғаны дұрыс. Әйтпесе, ұлттық болмыстан қапы қалып, қазақтың дәстүрлі рухани әлемінен алшақтап кетеміз. Интернеттегі ойды бұзатын, ұлтты аздыратын, ұрыс-керіске шақыратын контентті сұрыптап, бақылау жасап, шектен шыққандарын жауапқа тартқан дұрыс. Бұлай жөн-жосықсыз кете берсе, азған-тозған қоғамға айналамыз.

Көбісінің әке-шешесі таңнан кешке дейін жұмыстан бас көтермейді. Мақсат – бала-шаға бағу. Әрине, дүние-мүлікпен қамтамасыз еткен дұрыс болар. Бірақ материалдық жағынан қамтамасыз етіп, тұрмысты желеу етіп рухани тәрбиені ысырып қойсаңыз, онда сіз адам емес, мақұлық асырағанмен бірдейсіз. Сол себепті, ұлттық тәрбиені естен шығармайық. Құзырлы органдар мотивация бергіштердің ғаламтор ресурстарын, контенттерін тексеріп, мониторинг жасағаны абзал. Бұл – бағыстың менталитетіне еліктейміз деп, ұлдар құлағына сырға тағып, шашын көкке, қызылға бояп, қыздар ұяты жыыстырып, жаман әдетке құмар боп кетпеуі үшін де дабыл қағатын мәселе. Жалпы, елге кіретін сыртқы виртуалды әлемге сүзгі қойып, пайдалысын ғана алып, зиянын ысырып тастап отыру маңызды. Сонда қазақтың ұлттық болмысы, рухани бейнесі сақталады, қоғам түзелеіп, әркім өз жөнімен жүретін болады. Мұндай игі іс болашақ үшін керек.

АҚ ПЕН ҚАРАНЫ
АЖЫРАТА БІЛЕЙІКҚоғамды аздыратын, ел-жұртты адастыратын теріс
пайымдарға тыйым салатын уақыт келді

(Cypet: bitcop.ru)

Өмір сүруді үйрететін
коуч емес

«Әйел – құлағына сенеді» деген пәлсапа текке айтылмаса керек-ті. Қазір кімнің қайда демалып, қандай тамақ жеп, қандай брендпен киініп жүргені – хит. Ақша таппай, кредит ипотекасын төлей алмай дал боп жүрген жұбайының жағдайы алаңдатпайтын боп барады. Таңнан кешке дейін жұмыс істеп, үйіне табыс әкелсе де, шетелге апармадың деп дау қылып, байлыққа қол жетпеді деп булығып, ақыры ажырасуға бет бұрған ерлі-зайыпты жетерлік. Осының біразына себепші – коучтер. Әлі күнге дейін коуч тыңдап түзелеіп, мотиватордың айтқанын істеп, психологтың пайымын ескеріп проблемасы шешілгендерді кездестірмедік.

Хакім Абай «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» депті. Осы пайым сан-саққа жүгірген тұрақсыз ойларға толық жауап беріп тұрғандай. Егер білмеген адам сол саланың білгірінен кеңес сұрап, түзелеіп жатса, оған қуанамыз. Алайда, қаншама тағдыр соңғы ақшасын шығындап, тренингке қатысып, түк түсінбей далбасалыққа салынып жүр. Сонда да беті қайтпайды. Біздіңше, баланың ең

жанашыры – ата-анасы, әйелдің арқа сүйері – ер-азаматы, еркектің бақыты – жайлы әйелі, отбасының жылуы – береке-бірлік, қоғам негізі – тыныштық, адамзатқа керегі – иман. Міне, бұл сан ғасырлық қалыптасқан, жазылмаған Ұлы даланың философиялық қағидасы.

Желіге жегілген жүйке

Ғаламторды дұрыс қолдансаң – ұтасың, қате пайдалансаң – құрдымға кетесің. Бұл бүгінгі қоғам белсенділерінің ортақ тұжырымы. Кейбірі желіге желігіп, құр босқа желініп, жүйкесі тозып, әбіржіп, не істерін білмей, сандалып, сергелдеңге түсіп жүр. Ашық дереккөзге сүйенсек, ердің – 40%-ы, әйелдердің – 60%-ы, баланың – 70%-ы интернетке тәуелді екен. Ерлер – спорт, атыс-шабыс, нәзік жандылар – бағдарлама, мотивациялық тренингтер, балалар – ойынсауық, күлдіргі контентті көп іздейтін көрінеді. Яғни әрбірі өзіне керегін желіден іздеп, жүктеп отыр. Сөйтіп, қоғамдық ортада шынайы араласып-құраласып тұру азайып барады. Жақынымызды, досымызды, көршімізді барып құттықтамай, «ватсап», «телеграм» арқылы сәлем жолдап, құттықтау жіберіп, лайк басып отыра беретін болдық.

Майқы би: «Құрамалы үйің болар, аума-лы-төкпелі заманың, дүдәмалдау күйің болар» деп толғаныпты. Ойшыл данагөйдің сан ғасыр бұрынғы болжамдары дәп бүгінгі дәуірге сай келіп тұрғандай. Бұрынғылар асыл-текті адамдар екен. Соғысты, ашаршылықты, репрессияны, отарлауды, ұлтсыздандыруды, тоқырау заманын, жаһандану дәуірін де көрді. Ері әйеліне сөзі өтіп, отбасының қожасы бола білді. Зайыбы ерге тірек боп, жанұяның жылуын ұстап, көпбалалы ардақты ана атанды. Ал бала үлкенінің алдын кесіп өтпей, тәрбиелі болып өсті. Әсіресе, бұрынғы әйелдер қуатты, инабатты бола алды. Әжеміз қайратты, ұлттық салт-дәстүрді ұстанды, келінді үйретіп, шаңырақтың шырайын келтіріп, немере бағып, ұлағатты ұрпақ өсірді. Қазіргі қыз-келіншектер үш күн үйде отырып қалса, жігіті немесе күйеуінің басына әңгір таяқ ойнатады.

Сонымен қатар, бала тапқанын бәлсініп, бірдеңе десең кедірейіп жатып қалатынды шығарды. Баяғыда «күйеуі ішіп келіп, үйінің астаң-кестеңін шығарыпты» дейтін. Қазір «әйел үш баласын терезеден лақтырыпты, қыз екіқабат атанып босанып, сәбиін қоқыс жәшікке тастапты, әйелі қаңғырып кетіп, алты баласын бағып әкесі қалыпты» деген мәселелерді ұдайы еститін болдық. Бұл – ұят іс әрі харам қылық. Осының бәріне себепкер тек қана әлеуметтік желі. Жапония, Франция, Сингапур, Оңтүстік Корея сынды дамыған державаларда әлеуметтік желіге жұрт уақытының 4/1 бөлігін бөлсе, ал біздің халық бос уақытының 4/2 бөлігін телефонға телміріп өткізеді. Сөйтіп жүріп кредит, ипотека қысып жібергенде бәріне кінәлі өзі емес, айнала-сындағылар боп шығады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мотивацияны түпсанадан, ішкі түйсіктен іздеген жөн. Өйткені, ешкім келіп сіздің проблемаңызды шешіп бермейді. Өмір пендеге бір-ақ рет беріледі, оны мәнді ететін адамның өзі.

Бердімұрат ХАСЕНҰЛЫ, заңгер:
Арнайы заң керек

Қазір өмір сүруді, бақытты болуды үйрететін «шаласауатты білгірлер» қатары артты. Олар өздерінің курстарын сатып, пайда тауып, қоғамға лепіріп жүр. Өкінішке орай, біз олардың ақылгөйсін, әлеуметтік желіге жүктейтін дүниесіне шектеу қоя алмай отырмыз. Егер олардың жасап жатқан контенті мемлекет саясатына, заңына қайшы келмесе, онда интернет ресурстарына жүктей береді.

Біз тек олардың істеп жатқан дүниелерін реттей аламыз. Салық заңнамасы арқылы жүргізіп жатқан нәрсесі кәсіпкерлікке сай ма, сай емес пе деп қарастырамыз. Бір жағдайда ғана бақыланады, ол мотиватормын деп адамдардан ақша жинап, курс сатып, кәсіпкер ретінде тіркелмесе, ісі қаралады. Сондай жағдайда ғана әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Егер кәсібін заңдастырып, салығын төлеп отырса, олардың шаруасына заң араласа алмайды. Мотиваторлық, психологтық онлайн коучтарды, курс сататындарды арнайы заңмен қадағалаған маңызды. Олардың қызметін шектеп, контентін тексеріп отыруға болар еді. Біздегі заңдар мораль, қоғамдық нормалар, бейәдеп сөз айтпау сияқты жеке-жеке әр саланың нүктелі тұстарын ғана қамтиды. Ал онлайн тәрбие беріп, онлайн қызмет көрсететін адамдардың әрекеттері толыққанды заңмен реттелмеген. Сондықтан қоғамның осы тұсына заң қажет-ақ.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 5 айға – 3067,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 5 айға – 6578,10 (қала), 4017,00 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 5 айға – 1967,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

СУҒА ТҮСУ ДЕ, ЖҮЗУ ДЕ ӨНЕР

Бірде жолымыз түсіп, қалалықтардың жиі бас қосатын демалыс орнына бардық. Құжынаған халық. Шілденің шіліңгір ыстығынан бас сауғалаған жұрт суға шомылып, малти білетіндері жағадан алыстау жерге дейін жүзіп жүр.



Әсіресе, кішкентай балаларымен су жағалаған жас аналар өте көп екен. Бір кезде «құтқарыңдар, балам суға кетіп қалды» деп жанұшыра айқайлаған әйелдің жан даусы шықты. Бірер азамат суға қойып кетіп, бала кеткен бағытқа қарай жүзді. Алла жар болғаны шығар, әлгілер су жұтып, көкпеңбек болған баланы жағаға көтеріп шықты. Анталаған жұрт жасанды әдістер қолданып, бірі баланың аузын үрлеп жатыр. Не керек, әлгі көмектің бірі де көмек болмаған сыңайлы.

Баланы көтеріп алған кісі қалың көлік орналасқан тұраққа қарай жүгірді. Менің сондағы аңғарғаным – бала түгіл үлкен ер-азаматтардың өздері суға жүзе алмайды екен. Қазіргі мектептерде жүзу бассейндері бар, әрі қалада да арнайы хауыздар бар емес пе? Ең құрымағанда баланы жастайынан суға жүзу үйірмесіне берсеңіз, өзі үшін де, өкпесі үшін де пайдалы болар еді ғой.

– Бірде бізді «Родничковое плавание» деген хабарды түсіруге шақырды. Алғашында «бұл спорттың қай түрі екен?» деп қатты таңқалдым. Әрі маған қызық көрінді. Сөйтсем, бұл шараға бір жастағы сәбиден бастап, 3 жасқа дейінгі балалар қатысады екен.

Су астына түрлі ойыншықтар тастап, арнайы кедергілер орнатылған бассейнмен жүзіп өтіп, керекті ойыншықтарды алып шығады. Бұл да жарыс қой. Жарыс болғанда қандай, бізге таңсық жарыс. Алайда, сол жарысқа қатысушылардың бәрі өзге ұлт өкілдері болды. Судың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін бәріміз білеміз. Біле тұра, неге шет қаламыз? Осындай жарысқа біздің балалар да қатысып жатса, ұлтымыздың денсаулығы одан жақсара түспей ме? Спорт саласында жүргенде түйгенім, балаларымызды су спортына, суға жүзуге неге бермейміз?

Әлем чемпионы болмаса да, ең болмаса суда жүзуді үйренер еді ғой. Есесіне, біз көбіне балаларымызды күрес пен боксқа береміз. Бүгінде спорт арналары көбейіп, комментаторлардың да саны арта түсті. Сол тікелей эфирде отырған кезде түрлі статистика мен мағлұматты көрерменге қызықты етіп жеткізсе, жанкүйердің де, көрерменнің де көңілінен шығары сөзсіз, – дейді әріптесім, «QAZSPORT» арнасының редакторы Әзиз Тастаев.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік бақылау саласындағы жаңалықтар туралы

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама, бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаларын айқындайды.

2025 жылы 12 маусымда Мемлекет басшысы «Аквашаруашылық туралы» ҚР Заңына қол қойды.

Заңның мақсаты – жаңа өндірістер құру, кәсіпорындарды кеңейту, аквашаруашылық нысандарын көбейту, қоршаған ортаға және адам өмірі мен денсаулығына қауіпсіз ету арқылы аквашаруашылықты тұрақты дамыту.

Аквашаруашылық саласына мемлекеттік бақылау енгізілді. Бұл жануарлар дүниесін қорғау, оның өсімін молайту және пайдалану бағытындағы бақылаудың бір бөлігі саналады.

Сонымен қатар, инвесторларға қатысты негізгі шешімдерге «прокурорлық сүзгі» енгізілді. Бұл мемлекеттік органның прокурордың келісімінсіз инвесторды тексеруге, оның қызметін тоқтатуға, лицензиясын қайтарып алуға және өзге де шектеу шараларын қолдануға құқығы жоқ екенін білдіреді.

Прокурорлық сүзгіні іске асыру шеңберінде «әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» және «тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» жүйелерінде прокурорлардың тексерулерді келісу және инвесторларға қатысты әкімшілік іс жүргізулерді қозғау тетігі құрылды.

«Прокурорлық сүзгі» лауазымды тұлғалардың шешімдерін ашық етуге ықпал етіп, Президенттің 2024 жылғы 8 мамырдағы «Экономиканы либерализациялау шаралары туралы» Жарлығына сәйкес заңдарда бекітілді.

Заңнамалық өзгерістер Кәсіпкерлік кодекске, Азаматтық процестік кодекске және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБК) енгізіліп, 2025 жылдың қаңтарында күшіне енді.

Прокурордың келісімінің болмауы – істі тоқтатуға негіз болып табылады (ӘҚБК 741-бап).

«Прокурорлық сүзгі» тек Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты қолданылады. Бұл тізілімді қалыптастыру тәртібін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган анықтайды.

Жалпы, аталған шаралар инвесторлардың құқықтарының бұзылуына жол бермеуге және бизнес жүргізу үшін қолайлы құқықтық ортаны қамтамасыз етуге бағытталған.

А.ж. 6 ай қорытындысы бойынша Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті бизнеске қатысты 67-ге жуық заңсыз тексерулердің жолын кесті.

Бизнес субъектілерін қызықтыратын мәселелер бойынша және тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттері бойынша Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон – 115), Комитеттің сайтында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша Комитетке және оның аумақтық органдарына тікелей жүгіне алады (байланыс, аймақтық органдар).

Сонымен қатар, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталында немесе «Qamqor» мобильді қосымшасы арқылы тексерістің тіркелуін көре алады («App Store» және «Google Play» дүкендерінде жүктеуге болады).

«Qamqor» қосымшасы арқылы кәсіпкерлер алдағы тексерулер туралы хабарламаларды алуға, онлайн-режимде шағым беруге мүмкіндігі бар. Осындай мәліметтер болмаған жағдайда, кәсіпкердің тексерушілерге тексеру жүргізуге жол бермеу құқығы бар.

Болатхан Еламан Ардақұлы,
ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім
прокуроры.

#Заң мен Тәртіп



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЦИРКИНЕ – 55 ЖЫЛ

«ALMATY CIRCUS FESTIVAL»

әлемдегі жетекші он цирк алаңына енген жарқын және әсерлі шоу

Қазақ мемлекеттік циркі – адамның ерік-жігерін, шеберлігі мен батылдығын паш ететін, тамсандырып, таңдай қақтыратын – өнердің шоқтығы биік шаңырағы. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен 23–27 шілде аралығында киелі өнер ордасында III Халықаралық цирк өнері фестивалі – «ALMATY CIRCUS FESTIVAL» өтеді.



Дана САДЫРҚАН

«ALMATY CIRCUS FESTIVAL» – тәжірибе алмасуға, кәсіби жаңа мүмкіндіктер табуға, шабыттануға және елдер мен цирк бағыттары арасындағы достық байланыстарды нығайтуға арналған бірегей алаң. Жыл сайын фестивальге қызығушылық танытушылар саны артып келеді. Мәселен, биыл қатысуға 20-дан астам елден 180-нен астам өтінім келіп түсті. Дегенмен, олардың арасынан 16 елдің үздік әртістері таңдап алынды.

Фестивальдің мақсаты – халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға, отандық цирк өнерінің озық дәстүрлері мен жетістіктерін насихаттауға, циркке деген қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ Қазақстандағы халықаралық туризмнің дамуына қолдау көрсетуге бағытталған.

«Мұндай ауқымды фестиваль Алматының Орталық Азиядағы мәдени хаб ретіндегі имиджін нығайтуға ықпал етеді. Бұл іс-шара дарындарды дамытуға, халықаралық ынтымақтастыққа және қазақ циркінің әлемдік аренадағы танымалдығын арттыруға зор үлес қосады. Қаламызға әлемнің ең үздік әртістері жиналып, жоғары марапаттар үшін тартысты бәсеке көрсетеді.

Қазылар алқасында Қазақстан мен шетелдің цирк және мәдениет қайраткерлері төрелік етеді. Биылғы ерекшелік – қазылар алқасының құрамына қазақстандық цирк өнерінің дамуына үлес қосқан ардагерлер мен аты аңызға айналған әртістер қосылады. Олардың кәсіби пікірі мен өмірлік тәжірибесі фестивалге айрықша мән беріп,

ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді», – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов.

Мерекелік іс-шараның бағдарламасында цирк өнерінің барлық жанры қамтылады. Әр нөмір – техникалық шеберлікті ғана емес, терең ой мен көркемдік мән-мағынаға толы туынды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталмыш фестивальдің әрбір қойылымы – жәй ғана техникалық күрделі нөмір емес, мағына мен даралыққа толы тұтас көркем туынды.

Алматылықтар мен қала қонақтары 23–27 шілде аралығында шеберлікке, батылдық пен өжеттікке, ыстық жігерге толы шоу-ды күн сайын сағат 18.00-де тамашалай алады. «ALMATY CIRCUS FESTIVAL» фестивалінің жеңімпаздары мен финалистерінің қатысуымен өтетін фестивальдік бағдарлама 2025 жылдың 24 тамызына дейін жалғасады. Билеттерді цирк кассасынан және Freedom Ticketon сайтынан сатып алуға болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марина РЕДЬКО,
Қазақ мемлекеттік циркінің бас қоюшы-режиссері,
«ALMATY CIRCUS FESTIVAL» жетекшісі:

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Бұл 55 жылдық мерейтойда біздің аренамыз тағы да әлемдік таланттар мен ұлы дәстүрлердің тоғысқан орталығына айналады. Фестивальдің маңызды оқиғаларының бірі – әлемдегі ең танымал әрі жер шарындағы үздік бес сайқымазқтың қатарына кіретін өнерпаздың қатысуы болмақ. Ол бүкіл Еуропаны аралап жүрген өз шоуының жұлдызы. Бұл әртіс байқау бағдарламасынан тыс арнайы шақырылған жұлдызды қонақ ретінде өнер көрсетіп, көрерменге жарқын да ұмытылмас өнерін тарту етеді.

Сондай-ақ, мерекелік іс-шарада бұған дейін бірде-бір халықаралық фестивалде көрсетілмеген эксклюзивті цирк нөмірлері ұсынылады – бұл көрермендер мен цирк өнерін бағалаушылар үшін нағыз тосын сый болмақ. Осындай бірегей сәттердің бірі – Қазақ мемлекеттік циркінің «Хассак» труппасының өнер көрсетуі. Олар алғаш рет тарихта ерекше акробатикалық трюкті – иықта үш адамды көтеріп алып жүруді орындайды. Бұл элементті тарихта аты аңызға айналған Абишевтер акробаттары жеңілдетілген түрде орындаған, яғни серіктерін тек ұстап тұрған, бірақ алып жүрмеген. Біздің әртістер бұл қиын элементті қайталап қана қоймай, оны күрделендіре түседі. Аталмыш нөмір Қазақ мемлекеттік циркінің 55 жылдығына арнайы дайындалғандықтан, ұрпақтар сабақтастығының, шеберлік пен жаңа бастамаларға деген ризашылықтың жарқын үлгісін танытады.

ФЕСТИВАЛЬ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Қазақстан («Hassak» тобы – өтпелі баспалдақтағы эквилибристер). Дәстүрлі сарын мен заманауи режиссура. Ерлік пен жігерге толы динамикалық нөмір ерекше сахналық қойылым ұсынады.
- Франция (Виктория Буглион – «Хула-хуп»). Нөмір француздық әсемдікке толы болмақ. Шеңберлерді меңгеру өнері нәзік хореографияға айналып, әр айналым қауырсындай жеңіл, нысанаға дәл тиген жебедей нақтылықпен орындалады.
- Бельгия (Йоахим Влерик – «Рола-Рола»). Өте сирек кездесетін, қауіпті эквилибр жанры. Әртістер қозғалмалы тұғырда тепе-теңдікті сақтап, нөмірді әсерлі трюктермен және акробатикалық элементтермен күрделендіреді.
- Қытай (Тунхуэй Ни – «Жұлдызды аспан», бос сым). Эквилибристика жанрындағы шығыстық нәзіктік. Әртістік шеберлік пен поэтикалық бейне нөмірге тереңдік пен ерекше атмосфера береді.
- Қытай (Юйсинь Лай – «Жұлдыз жинаушы», эквилибр). Техника философиялық астармен үйлесім табады. Қолда тепе-теңдік сақтау арманға жету жолының метафорасына айналады.
- Аргентина (Арамис Гонсалес – жонглир). Латынамерикалық көңіл күй, жылдамдық пен әртістік шеберлікті сезініп, күрделі заттармен жұмыс істейтін ырғақ пен импровизациялық шеберлікті тамашалауға болады.
- Израиль («Улы махаббат», әуе бағанасы). Вертикальды бағанада махаббат, құштарлық пен қайшылықтарға толы оқиға өрбиді.
- Моңғолия («Аврора» – каучук). Икемділікті шыңға жеткізген өнер. Моңғол цирк мектебі әлемге дәл осы

жанрымен танымал және бұл нөмір – соның айқын дәлелі.

- Ресей (қалқан тақтайлар). Биікке қалықтау мен көркем қону, нәзік бойжеткендердің орындауындағы ерекше трюктер ең әсерлі әрі техникалық тұрғыда күрделі жанрлардың бірі болмақ.
- Вьетнам (орамалды антипод). Заттарды аяқпен басқару өнері шексіз зейін мен дәлдікті талап етеді. Жібек маталармен нәзік жұмыс көрерменге визуалды сиқыр сыйлайды.
- Беларусь (Киго – ілгектер). Сенім мен абсолютті үйлесімге толы дуэт. Әуедегі ілгектер жанрындағы нөмірде терең эмоциялық астар бар.
- Өзбекстан («Skyroll» – катушкалардағы эквилибристика). Қозғалмалы беттегі трюктер аренаны бойлай сырғып бара жатқандай әсер қалдырады.
- Қырғызстан–Ресей (сайқымазақ Эркин Саралаев). Жас әрі харизматикалық бейне, импровизация мен нәзік әзіл көрініс табады.
- Украина (әуе шеңберіндегі дуэт – «Жанымның сыры»). Бұл нөмірді классикалық гимнастикалық дуэттерден ерекшелендіретін – эмоциялық тереңдік пен лирикалық реңк.
- Якутия («Селестия» – әуе шеңбері). Этникалық стиль, солтүстік философия мен эстетика нөмірге жұмбақтық пен тереңдік береді.
- Эфиопия («Семит бауырлар» – икари ойындары). Ең қауіпті цирк жанрларының бірі, серіктестер арасындағы сенім мен төзімділіктің шегі сыналатын өнер.
- Арнайы қонақ – Германия (клоун Хуш-Ма-Хуш). Юмор, мұң және терең мағыналар үйлескен, бірегей сахналық тілі бар сайқымазақ.